



САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАРУ

2-БЕТ



ЭВЕРЕСТКЕ 3 РЕТ ШЫҚҚАН ҚАЗАҚ

7-БЕТ



ӨНІМНІҢ ӨЗЕГІ

9-БЕТ



Сурет: ЖИ

АЗИЯНЫҢ ЦИФРЛЫ ЖҮРЕГІ

Алматының маңызды миссиясы қандай?

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте «ШЫҰ плюс» саммитіне қатысты. Бішкекте өткен жиында сөз сөйлеп, жасанды интеллектіні жауапты дамыту мен цифрлы алшақтықты қысқартудың маңызын атап өтті. Осы орайда Мемлекет басшысы Қазақстанның бастамасымен Алматыда БҰҰ-ның Азия-Тынық мұхиты цифрлық шешімдер орталығы құрылатынын мәлімдеді.

Жаңа құрылым өңір елдеріне озық технологиялар мен тәжірибелерді таратуға, әсіресе, дамушы мемлекеттердің цифрлық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталады. Орталықтың Алматыда орналасуы Қазақстанның халықаралық цифрлық ынтымақтастықтағы рөлін күшейтіп, қаланың өңірлік технологиялық хаб ретіндегі маңызын арттыра түспек.

БҰҰ аясындағы институт

Қазақстанның бұл бастамасы бір күнде пайда болмаған. Алматыда орталық құру жөніндегі ұсыныс БҰҰ АзТМЭӘК аясында бес жылдан астам уақыт бойы талқыланып, бірнеше кезеңнен өткен. 2026 жылғы сәуірде Бангкокта өткен БҰҰ АзТМЭӘК-ның

82-ші сессиясында 52 мүше мемлекеттің консенсусының нәтижесінде осындай шешім қабылданған.

Бұл шешім Қазақстанның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы тұрғысынан маңызды қадам. Себебі, жаңа орталық жәй ғана технологиялық немесе зерттеу алаңы емес, БҰҰ қамқорлығындағы бейтарап халықаралық платформа ретінде жұмыс істемек. Орталық өңір елдерінде тиімділігін дәлелдеген цифрлық шешімдерді анықтап, жүйелеп, басқа мемлекеттерге таратумен айналысады. Бірақ цифрлық шешімдер бір елден екіншісіне сол күйі көшірілмейді. Керісінше, нақты мемлекеттің экономикалық, институционалдық және әлеуметтік ерекшеліктеріне бейімдейді.

Қазір мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігі тек табиғи ресурстардың болуымен өлшенбейді. Бәсекеге қабілеттілік деректерді өңдеу, электронды мемлекеттік қызметтер, жасанды интеллект, цифрлық инфрақұрылым және технологиялық кадрлардың сапасына да тәуелді. Алайда, Азия-Тынық мұхиты кеңістігіндегі елдердің бұл мүмкіндіктерге қолжетімділігі бірдей емес.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте «ШЫҰ плюс» саммитінде осы мәселенің жаһандық маңызын атап өтті. Мемлекет басшысы жасанды интеллектінің жасампаз әлеуетін ашатын, оның бақылаусыз қолданылуына жол бермейтін және цифрлық алшақтықты қысқартатын әмбебап ережелер қажеттігін айтты. Осы тұрғыдан алғанда, Алматыда құрылатын орталық Қазақстанның цифрландыруды тек технологиялық даму мәселесі ретінде емес, халықаралық ынтымақтастық пен тұрақты дамудың бір бөлігі ретінде қарастыратынын көрсетеді.

(Жалғасы 2-бетте).

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАРУ

Құрылтай сайлауынан кейін Үкіметтің жаңа құрамы жасақталды. 31 тамызда Олжас Бектенов Премьер-министр қызметіне қайта тағайындалса, 2-3 қыркүйекте министрлер мен Премьер-министрдің орынбасарлары кім болатыны белгілі болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сайлау күні жаңа Үкіметте бірқатар өзгеріс болатынын алдын ала айтқан еді. Бұл өзгерістер жаппай кадрлық ауыс-түйіске емес, жұмыс істеп тұрған команданы сақтай отырып, жекелеген бағыттарға жаңа серпін беруге басымдық берді.

НЕГІЗГІ ҚҰРАМ САҚТАЛДЫ

23 тамызда өткен Құрылтай сайлауында дауыс бергеннен кейін Мемлекет басшысы журналистердің сұрағына жауап беріп, Үкіметтің отставкаға кететінін және оның құрамында бірқатар өзгеріс болатынын айтқан еді. Сонымен қатар, Президент қазіргі Үкіметтің жұмысына сын айтуға негіз жоқ екенін атап өткен. Оның пікірінше, кадрлық шешімнің мақсаты біреуді қызметтен босату емес, мемлекеттік басқаруға «тың серпін беру» болуы керек.

Бұл ұстаным 2-3 қыркүйекте жарияланған тағайындаулардан да көрінді. Үкіметтің негізгі басқару өзегі сақталды. Олжас Бектенов Премьер-министр қызметін жалғастырады. Нұрлыбек Нәлібаев Премьер-министрдің бірінші орынбасары, Қанат Бозымбаев пен Серік Жұманғарин Премьер-министрдің орынбасарлары қызметіне қайта тағайындалды. Жаслан Мәдиев Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі, Ғалымжан Қойшыбаев Премьер-министрдің орынбасары – Үкімет Аппаратының Басшысы қызметін сақтады.

Экономикалық блокта да сабақтастық сақталған.

Мәди Такиев Қаржы министрі, Нұрлан Сауранбаев Көлік министрі, Ерлан Сәрсембаев Әділет министрі, Ерлан Ақкенженов Энергетика министрі, Ерсайын Нағаспаев Өнеркәсіп және құрылыс министрі қызметтеріне қайта тағайындалды.

Әлеуметтік және гуманитарлық салалардың басым бөлігінде де өзгеріс болған жоқ. Жұлдыз Сүлейменова Оқу-ағарту, Арман Шаққалиев Сауда және интеграция, Ақмарал Әлназарова Денсаулық сақтау, Айдарбек Сапаров Ауыл шаруашылығы, Асқарбек Ертаев Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ербол Мырзабосынов Туризм және спорт, Саясат Нұрбек Ғылым және жоғары білім министрі қызметтерін жалғастырады. Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов те өз қызметінде қалды.

Күштік құрылымдарда да сабақтастық сақталды. Дәурен Қосанов Қорғаныс министрі, Ержан Сәденов Ішкі істер министрі болып қайта тағайындалды.

Осы тізімнің өзі жаңа Үкіметтің негізгі сипатын көрсетеді. Біршама министрдің өз орнында қалуы реформалардың жалғасуына мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, экономикалық саясат, инфрақұрылым, әлеуметтік сала және қауіпсіздік сияқты ұзақ мерзімді жұмысты қажет ететін бағыттар үшін маңызды.

ЖАҢА ЕСІМДЕР

Сонымен бірге, Үкіметте нақты кадрлық жаңарулар да бар. Сыртқы істер министрі қызметіне Мұхтар Тілеуберді тағайындалды. Тәжірибелі дипломат бұған дейін де осы ведомствоны басқарған. Оның оралуы сыртқы саясаттағы кәсіби тәжірибеге басымдық берілгенін көрсетеді.

Төтенше жағдайлар министрлігін енді Мұрат Мұханов басқарады. Бұдан бөлек, Экология және табиғи ресурстар министрі болып Әлібек Қуанты-

ров, Мәдениет және ақпарат министрі болып Арман Қырықбаев тағайындалды. Осы ведомстволардағы өзгерістер Үкімет құрамындағы жаңарудың негізгі бағыттарын айқындап отыр.

Кадрлық ауысымдарға Президенттің 23 тамызда айтқан ұстанымы тұрғысынан қарасақ, олардың басты ерекшелігі байқалады. Бұл жерде Үкімет басшысының қайта тағайындалуы да маңызды. Олжас Бектеновтің қызметте қалуы экономикалық және әлеуметтік саясаттағы қалыптасқан бағыттардың жалғасатынын білдіреді. Оның ұжымының негізгі бөлігінің сақталуы Үкімет жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ететін фактор болмақ.

Ал жаңа министрлерге келсек, олардың алдында өз салаларындағы жұмысты жаңа кезеңнің талаптарына сәйкестендіру міндеті тұр. Құрылтайдың қалыптасуы Қазақстанның саяси жүйесінде жаңа кезеңнің басталғанын көрсетеді. Ал атқарушы биліктің міндеті осы өзгерістерді нақты әлеуметтік-экономикалық нәтижелермен толықтыру болмақ.

Бұл тұрғыда Жасанды интеллект және цифрлық даму бағытының Премьер-министр орынбасары деңгейінде сақталуы да назар аударарлық. Цифрландыру, жасанды интеллект және технологиялық даму мәселелері мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде қала береді.

Жалпы алғанда, жаңа Үкіметтің құрамынан сабақтастық пен жаңарудың үйлесімін көруге болады. Бір жағынан, Премьер-министр мен министрлердің басым бөлігі өз қызметтерін жалғастырды. Екінші жағынан, жекелеген ведомстволарға жаңа басшылар келді. Демек, бұл қалыптасқан басқару тәжірибесін сақтай отырып, қажет бағыттарға жаңа серпін беруге бағытталған құрам. Президенттің сайлау күні айтқан «кадрлық өзгерістер жұмысты жандандыруы керек» деген ұстанымы жаңа Үкіметтің құрылымынан да көрініс тапты.

(Сурет: primeminister.kz)

(Басы 1-бетте)

БІРЕГЕЙ МҮМКІНДІК

Орталықтың Қазақстан үшін маңызын бірнеше бағыттан қарастыруға болады.


Біріншіден, бұл Алматының халықаралық ұйымдар орналасқан өңірлік орталық ретіндегі мәртебесін күшейтеді. Бұған дейін қала қаржы, бизнес, білім және технологиялық орталық ретінде қалыптасса, жаңа БҰҰ институтының пайда болуы оның халықаралық сараптамалық және институционалдық функцияларын кеңейтеді.

Екіншіден, Қазақстан үшін бұл халықаралық цифрлық нарыққа өз әзірлемелерін шығаруға таптырмас мүмкіндік. Елде электронды үкімет, цифрлық мемлекеттік қызметтер, финтех, жасанды интеллект және басқа да технологиялық бағыттар бойынша жинақталған тәжірибе бар. Егер осы шешімдер халықаралық платформада жүйеленіп, басқа мемлекеттердің назарына ұсынылса, Қазақстанның IT-қызметтер экспортын арттыруға мүмкіндік көбейеді.

Үшіншіден, орталық Қазақстанға шетелдік сарапшыларды, технологиялық компанияларды және халықаралық даму институттарын тартуға мүмкіндік береді. Халықаралық ұйымдардың тұрақты қатысуы Алматының технологиялық экожүйесіне қосымша серпін беруі ықтимал. Университеттер, IT-компаниялар, стартаптар мен мемлекеттік органдар үшін жаңа әріптестік арналары пайда болады.

Төртіншіден, Алматыдағы орталық біз орналасқан аймақ мемлекеттері арасында тәжірибе алмасудың тұрақты алаңына айнала алады. Мәселен, бір елде тиімді іске асқан цифрлық мемлекеттік қызмет моделі екінші мемлекетке бейімделіп енгізілуі мүмкін. Мұндай тәсіл әр мемлекетке бірдей технологияны нөлден бастап әзірлеуге кететін уақыт пен ресурсты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның бастамасына Әзербайжан, Армения, Бангладеш, Вануату, Грузия, Камбоджа, Қытай, Қырғызстан, Малайзия, Мальдив аралдары, Моңғолия, Непал, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан,



Тимор-Лесте, Тонга, Түркия, Өзбекстан, Фиджи және Шри-Ланка сияқты мемлекеттердің тең автор ретінде қосылуы жобаның географиясының кең екенін көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Алматыда БҰҰ-ның цифрлық шешімдер жөніндегі

орталығын құруды Қазақстанның халықаралық цифрлық саясаттағы жаңа рөлінің басталуы деп бағалауға болады. Бұған дейін Қазақстан көбіне транзиттік, энергетикалық және дипломатиялық бастамаларымен танылған. Енді цифрлық технологиялар мен жасанды интел-

лект саласындағы өңірлік күн тәртібін қалыптастыруға мүмкіндік алып отыр.

**Бетті әзірлеген
Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
(Коллаж: ЖИ).**



«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Алматыдағы әлеуметтік-демографиялық даму үрдісі қаланың білім саласына зор ықпал ететіні мәлім. Кейінгі жылдары қаладағы демографиялық өсім мен жаңа тұрғын үй аудандарының қалыптасуы мектеп инфрақұрылымына түсетін жүктемені арттырды. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық бағдарламасы бұл салаға тың тыныс беріп келеді.

Алатаудағы ақжолтай жаңалық

Жаңа оқу жылында балаларға есігін айқара ашқан оқу ордаларының бірі Алатау ауданында бой көтерді. 1200 оқушыға арналған №231 мектептің салтанатты ашылу рәсіміне Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, Қазақстанның Тұңғыш Еңбек Ері Аягүл Миразова, Алатау ауданының әкімі Данияр Қырықбаев, қалалық Білім басқармасының басшысы Сәкен Аралбаев қатысты.

Алғашқы құттықтау сөзін алған Абзал Нүкенов қала басшылығының атынан ата-аналар мен оқушыларға ізгі тілегін білдірді. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстан бойынша 217 «Келешек мектебі» ашылғанын атап өтті. Сонымен қатар, ол Президент Жарлығына сәйкес, жасанды интеллектті білім бағдарламасына енгізіліп жатқанын айтты.

Мектептің ашылуы рәсімінде Қазақстанның Тұңғыш Еңбек Ері Аягүл Миразова да өзінің лебізін білдіріп, жаңа нысанның қолданысқа берілуімен жиналған көпшілікті құттықтады.

– Мұндай мектеп біздің арманымыз болған. Қазір мектептің ішінде баланың дамуына, келешекте тұлға болып шығуына, жан-жақты білім алуына барлық жағдай жасалып отыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы осы «Келешек мектепті» – біздің келешегімізді көркейтетін, Әділетті Қазақстанды құратын адал азаматтар шығады деген үлкен сеніммен жасап жатыр, – деді ардагер ұстаз.

№231 мектептің директоры Света Ахметованың айтуынша, аумақта тұрғын үйлердің тығыз орналасуына байланысты мектепке 2 мың бала қабылданған. Оқушылар екі ауысымда білім алатын болады. Ал 1-сыныпқа 316 оқушы қабылданып, он бір сынып ашылған. Білім ордасында робототехника, химия, биология және өзге кабинеттер заманауи үлгідегі құрал-

жабдықтармен жабдықталған. Сонымен қатар, мектепте хореография залдары, 280 балаға арналған асхана, 250 орынға арналған мәжіліс залы бар.

Түрксібтегі тың тыныс

Қазір Түрксіб ауданы аумағындағы «Қайрат» ықшамауданы қанатын жая түскен. Аудан тұрғындарының дені мемлекеттік бағдарламамен баспаналы болған жас отбасылар. Биылғы жаңа оқу жылы «Келешек мектептері» бағдарламасы аясында салынған №228 мектептің ашылуымен басталды. Білім ордасының алғашқы қоңырау салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов, Мәслихат депутаты Елена Те қатысып, жаңа мектептің ұжымын, оқушылар мен ата-аналарды оқу жылының басталуымен құттықтады.

– Бұл жерде жаңа мектеп салу мен оқушыларды тасымалдау мәселесінің қатар шешілуі маңызды. Өйткені, жаңа білім ошағының пайда болуы оқушының мектепке физикалық тұрғыдан қолжетімділігін де қамтамасыз етуі керек, – деді қала әкімінің орынбасары.

Жаңа мектептердің тағы бір маңызды артықшылығы оқушыларды бір ауысымда оқыту мүмкіндігі. 2000 оқушыға жоспарланған №228 мектепте «Қайрат» пен

«Жас қанат» ықшамаудандары және сол маңдағы 55 үйдің оқушыларын қамти алады. Қазіргі кезде мұнда 700-ден астам бала білім алуды бастады.

Бұл күн мектеп табалдырығын алғаш рет аттаған 125 бала үшін есте қаларлықтай болды. Бірінші сынып оқушылары үшін бес сынып жасақталған. Қолдарына қоңырау ұстаған бүлдіршіндер салтанатты шеру жасап, мектеп ауласын айналып өтті.

Мектеп директоры Салтанат Мұсағұлованың айтуынша, оқушылардың сапалы білім алуына қажетті барлық жағдай жасалған. Мәселен, білім ордасында логoped, дефектолог және психолог қызмет етеді. Бірінші сынып оқушылары арнайы диагностикалық тексеруден өтіп, қажет болған жағдайда сөйлеу ерекшеліктері бар балаларға жеке жұмыс жоспары әзірленіп отыр.

Сонымен қатар, білім беру процесі үшін 96 оқу кабинеті, ал бастауыш сынып оқушыларына арналған 28 кабинет бар. Мектепте пән кабинеттерімен қатар асхана, зертханалар, робототехника кабинеттері, екі үлкен және екі шағын спорт залы бар. Міне, бұл да «Келешек мектептері» жобасының негізгі ерекшеліктерінің бірі.

Досбол АТАЖАН, Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ, Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БӘРЕКЕЛДІ!

БАЛАБАҚША САНЫ АРТТЫ

Жаңа нысандар мектепке дейінгі білім беру орындарына деген сұранысты азайтып, тұрғындарға баласын үйіне жақын жердегі балабақшаға орналастыруға жағдай жасады.

Әнет баба көшесі, 20 мекенжайында орналасқан №206 бөбекжай-балабақшасы 2–6 жас аралығындағы 120 балаға арналған. Балаларға тәрбие мен білім қазақ тілінде беріледі. Ашылуы шағынаудан тұрғындары үшін көптен күткен қуанышты жаңалық болды. Бұған дейін осы аймақта мемлекеттік балабақша болмағандықтан, көптеген отбасы балаларын көршілес аудандарға апарып жүрді.

Қазіргі уақытта Әуезов ауданында шамамен, 10 мың орынға арналған 48 мемлекеттік балабақша және 116 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Сонымен қатар, ауданда тағы бір мемлекеттік балабақша – №205 бөбекжай-балабақша ашылды.

«Алтын бесік» шағынауданындағы №206 бөбекжай-балабақшасы меңгерушісінің міндетін атқарушы Айгүл Орынбасарқызының сөзінше, нысан заманауи талаптарға сай жабдықталған.

«Бұрын бұл жерде бос жатқан жер телімі болған. Ата-аналар баласын шалғайдағы «Ақсай-1» және «Ақсай-3» шағынаудандарына тасымалдауға мәжбүр

болып келген еді. Тұрғындар тарапынан өтініш түскеннен кейін құрылыс жұмыстары қолға алынды. Бүлдіршіндердің жан-жақты дамуы үшін интерактивті тақталар орнатылды. Оқыту қазақ тілінде жүргізіледі. 6 топ жұмыс істейді, әр топта 20 баладан болады. 2021–2024 жылдары туған, 2–5 жас аралығындағы балалар тәрбиеленеді», – дейді ол.

Жаңа балабақшаның ашылуына «Алтын бесік» шағынауданының тұрғындары да қатысты. Қуанышқа ортақтасып, ақ шашуын шашуға Семейхан Құдайбергенова да ақ батасы мен ыстық лебізін білдірді.

«Балабақша салынса екен деп көптен күткен едік. Енді тұрғындардың үміті ақталып, бүгін, міне, ашылуына куә болып отырмыз. Осыған атсалысқан аудан әкімшілігіне рахмет! Балаларымыздың аттаған қадамы құтты болсын, болашағы жарқын болсын! Ұжымның жұмысына табыс тілеймін!», – деді ақ жаулықты әже.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ҚАЙРАТКЕРГЕ ҚҰРМЕТ



Мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Қазтай Нұрманбетұлы Ұлтарұқовтың құрметіне мемориалдық тақта орнатылды. Даңғой дәуірлер мен қилы кезеңдер иірімінде ширап, қазағына қалтқысыз қызмет еткен қайраткердің есім-сойы қашалған бағалы бедерді ашу рәсімі Медеу ауданындағы Төлебаев көшесі, 142-үйде өтті. Іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, ұстаздар, жақындары мен Қазтай Ұлтарұқовтың ұрпақтары қатысты.

Іс-шара барысында Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халбеков, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, мемлекет және қоғам қайраткері Кенжебек Өмірғали, қоғам қайраткері, ардагер ұстаз Тоққожа Естенов сөз сөйледі.

Жиынға арнайы қонақ ретінде қатыс-

қан мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Нұрлан Оразалин де ерекше естелік айтты. Басқосуда сөз алған азаматтар Қазтай Нұрманбетұлының елге сіңірген еңбегіне, майдандағы ерлігіне, қоғамдық қызметіне және кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегесіне тоқталды.

Ардагер-дәрігер, қоғам қайраткері

Кенжебек Өмірғали болса ерлігі мен өрлігі ел жадында жаңғырған қайраткерді 1950 жылдардан бері білетінін айтып, еңбек жолын еске алды.

«Қазтай ағамызды 1950 жылдардан бері білемін. Алғашында колхозда есепші болды. Кейін колхоз басқарды, совхоз директорлығын атқарды. Бар ғұмырын еңбекке арнаған азамат еді. Ағайынға қарайласып, жетім-жесірге қолұшын беретін. Қолынан келгенше елге қызмет етті. Отанға деген сүйіспеншілігі де ерекше болатын. 16 жасында майданға аттанды. Сталинград түбіндегі ұрыстарға қатысты. Фельдмаршал Паулюсті қолға түсіру операциясына қатысқан жауынгерлердің қатарында болды. Чуйков пен Рокоссовский басқарған әскер құрамында соғысты. Нағыз отаншылдықтың үлгісі деген осы», – деді Кенжебек Өмірғали.

Оның айтуына қарағанда, Қазтай Нұрманбетұлы соғыстан кейін де ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп, алты бала тәрбиелеген. Төрт ұл, екі қыз өсіріп, ұрпағына қазақы тәрбие берген.

«Қазақта «тектілік» деген ұғым бар. Ол – атадан балаға жалғасатын қасиет. Бүгінгі ұрпақтың Қазтай ағамыздың есімін ардақтап, құрметіне мемориалдық тақта орнатуы – сол тектіліктің, үлкенге деген құрметтің белгісі», – деді ардагер.

Қазтай Ұлтарұқовтың қызы Гүлмира Қазтайқызы әкесінің білімге деген құштарлығын ерекше сөз етті. Оның айтуынша қарапайым ауылда өскен Қазтай Нұрманбетұлы жастайынан білімге ұмтылып, өмір бойы ізденген.

«Менің әлі күнге дейін таңқалатыным – қарапайым ауылда, қарапайым отбасында өскен баланың білімге деген осындай ынтасы қайдан келгені. Әкем білімге ұмтылып тұратын. Неміс тілін меңгерді, көркем шығармалар, очерктер мен ғылыми еңбектер жазды. Ауыл шаруашылығы институтын, Жоғары партия мектебін, Мәскеудегі Қоғамдық ғылымдар академиясын тәмамдап, сол жерде ғылыми диссертациясын қорғады. Бірде әкеме: «Папа, біздің жалақымыз аздау екен», – деп айтып қалдым. Сонда ол: «Айналайын, сендер әлі жассыңдар. Неге жалақы мен ақшаны ойлай бересіңдер? Еңбек ету керек. Жұмысты тек өзің үшін емес, ел үшін, адам үшін істеу керек», – деді. Әкемнің осы сөзін өмір бойы жадымда ұстап келемін», – деп толғанды Гүлмира Қазтайқызы.

Іс-шарада Қазтай Ұлтарұқовтың немересі Айгерім Болатқызы Қазтаева да сөз сөйлеп, атасының өнегелі өмір жолы туралы естеліктерін жеткізді. Мемориалдық тақтаның ашылуы – елге еңбегі сіңген азаматтың есімін ұлықтап, оның өмір жолын кейінгі ұрпаққа насихаттаудың мәнді көрінісі. Қазтай Нұрманбетұлының ғұмыры – Отанға адал болудың, елге қызмет етудің, білімге ұмтылудың және ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қараудың өнегесі.

Дастан ҚАСТАЙ.

«АДАЛ АЗАМАТ»

ТӘРБИЕНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің пленарлық отырысы өтті

Мемлекет басшысы ұсынған «Адал азамат» тұжырымдамасы – өскелең ұрпақтың бойына адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, отаншылдық пен адамгершілік құндылықтарын сіңіруді көздейтін маңызды бағдар.

«Адал азамат» дегенде көз алдымызға елін сүйетін, еңбекті қадірлейтін, өз ісіне жауап беретін, өзгеге құрметпен қарайтын тұлға елестейді. Бірақ мұндай азамат бір күнде қалыптаспайды. Оның алғашқы тәрбиесі отбасынан басталып, балабақшада жалғасады. Бала мектеп табалдырығын аттағанға дейін-ақ оның болашақтағы оқуына, адамдармен қарым-қатынасына, қоршаған ортаны қабылдауына және өзіне деген сеніміне әсер ететін маңызды дағдылар қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін білім беру саласының қосалқы бағыты емес, адами капиталдың алғашқы іргетасы деп қараған жөн.

Осы орайда Алматыдағы №224 мектепте «Алматы – білім мен инновация орталығы: жаңа халықтық Конституция құндылықтары негізінде адами капиталды дамыту» тақырыбында мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің пленарлық отырысы өтті. Жиын барысында мамандар бүгінгі балабақша қандай болуы керек, педагогтің кәсіби шеберлігін қалай арттыруға болады, ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесіне қалай енгіземіз, жасанды интеллект мектепке дейінгі білімге не үшін қажет деген секілді өзекті сауалдарға жауап іздеді.

Жиында сөз алған Қалалық мектепке дейінгі мекеме басшысы Мейраш Нұргелдіқызы да баланың мектепке дайындығын кең тұрғыда қарастыру қажеттігін атап өтті.

– Баланы мектепке дайындау дегенді көп жағдайда әріп таныту, санауды үйрету немесе жазуға жаттықтырумен байланыстырамыз. Алайда, мектепке дайындық бұдан әлдеқайда кең ұғым. Бала құрдастарымен тіл табыса ала ма? Өз ойын жеткізе ала ма? Қарапайым ережелерді түсініп, сақтай ма? Сұрақ қоя ала ма? Қателесуден қорық-



пай ма? Бір істі соңына дейін жеткізуге тырыса ма? Міне, мұның барлығы бала мектепке барғанда оқу процесіне әсер етеді, – дейді ол.

Заманауи балабақшаның басты міндеті – баланы ерте жастан академиялық біліммен шамадан тыс жүктеу емес. Ең бастысы – оның танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау. Бұл – болашақта өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, адамдармен тіл табыса алатын азамат қалыптастырудың алғашқы қадамы.

Пленарлық отырыс аясында мектепке дейінгі ұйымдар мен «Қалалық мектепке дейінгі ресурстық орталық» педагогтерінің авторлық бағдарламалары мен әдістемелік құралдарының көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, балабақшаларға арналған eData.kz, «BOBEK-TANYM», BalaHub платформалары таныстырылды. «Алматыкітап баспасы», «NEGESH International», «BilimAinasy» оқу-әдістемелік кешендері, робототехникаға арналған жиынтық-

тар мен цифрлық платформалар да көпшілік назарына ұсынылды. Мұның барлығы мектепке дейінгі білім беру саласында жаңашылдыққа жол ашып отырғанын көрсетеді. Бірақ технология қанша дамығанымен, оның басты мақсаты өзгермеуі тиіс. Ол – баланың дамуына қызмет ету. Бүгінде жасанды интеллект өміріміздің көптеген саласына еніп жатыр. Білім беру жүйесі де бұл өзгерістен тыс қалмайды.

Жиында №51, №68, №92 және №196 балабақшаларының педагогтері мектепке дейінгі ұйымдарда AI технологияларын қолдану тәжірибелерімен бөлісті. Қатысушылардың пікірінше, жасанды интеллект баланың да, педагогтің де орнын алмастырмауы керек. Ол – тәрбиешіге уақытты тиімді пайдалануға, оқу материалдарын дайындауға және шығармашылық ізденісіне көмектесетін құрал. Ал баламен шынайы қарым-қатынас жасау, оның көңіл күйін сезіну, қолдау көрсету, бірге ойнау, әңгімелесу, қуанышын бөлісу сияқты адамдық әрекеттердің орны бөлек.

«Адал азамат» қалыптастыруда ұлттық құндылықтардың орны айрықша. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, еңбекке құрметпен қарау, туған жерді сүю, табиғатты аялау, достықты бағалау, өзгеге жанашырлық таныту – бала бойына күнделікті әрекет арқылы сіңетін қасиеттер. Осы бағытта қала балабақшаларында педагогтердің кәсіби дамуына арналған сегіз бағыт қалыптастырылған. Олардың қатарында «Ойын – дамытушы құрал», «Кішкентай ғалымдар», «Ойын арқылы оқыту», «Ғажайып бала әлемі», «Бақытты балалық шақ», «Сөйлейтін қабырғалар», «Инновациялық қозғалыс», «Ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар» бағыттары бар.

Алматыдағы пленарлық отырыс осы мақсат жолындағы жаңа бағыттар мен жаңа мүмкіндіктерді саралаған маңызды алаң болды. Жиын соңында құрметті зейнетке шыққан сала мамандарына естелік сыйлықтар табыс етілді.

Рая ЕСКЕНДІР.

5 ҚЫРКҮЙЕК – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ



Қазақстанда ел бірлігі мен қоғамдық ынтымақты арттыратын атаулы күндердің бірі – Қазақстан халқының тілдері күні. Бұл мереке алғаш рет 1998 жылдан 2017 жылға дейін 22 қыркүйекте аталып келді. Ал 2017 жылдан бастап Үкімет қаулысымен қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, көрнекті ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай 5 қыркүйекке ауыстырылып, бекітілді.

Тілдер мерекесінің Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен сабақтастырылуы

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Ертең, 5 қыркүйек – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Әрі бұл дата елімізде Қазақстан халқы тілдері күні ретінде аталып өтеді. Тіл – ұлттың рухани тұтастығын қалыптастыратын, ұлттық сананы орнықтыратын басты құндылық.

Мемлекеттік тіл – ел бірлігін нығайтып, қоғамды ортақ құндылықтар төңірегіне топтастырады. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру мен қолданис аясын кеңейту – тәуелсіз Қазақстанның маңызды басымдықтарының бірі. Бұл ретте ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін дамытуға, ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруға қосқан өлшеусіз еңбегі айрықша мәнге ие.

ның өзіндік мәні бар. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл», – деген ұлт ұстазының бұл сөзі бүгін де өзектілігін жойған жоқ. Өйткені, тіл – ұлттың рухани байлығы, халықтың тарихы мен мәдениетін сақтайтын асыл қазына. Ал мемлекеттік тіл – қоғамды біріктіретін, елді ортақ мақсатқа ұйыстыратын маңызды құрал.

Мемлекеттің егемендігін айшықтайтын басты нышандардың қатарында Ата Заң, мемлекеттік шекара, мемлекеттік рәміздермен бірге мемлекеттік тіл де бар. Сондықтан қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оның қолданыс аясын кеңейту – тәуелсіз Қазақстанның маңызды басымдықтарының бірі.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің дамуына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ол қазақ баласының сауатын ана тілінде ашуға жол ашқан қазақ әліпбиін жасап, оқу

ағарту ісіне арналған «Оқу құралы», тілдің құрылымы мен заңдылықтарын жүйелеген «Тіл құралы», тілді үйрететін оқытушыларға арналған «Баяншы», ересектердің сауатын ашуға бейімделген «Сауат ашқыш» секілді еңбектерін жарыққа шығарды. Бұл кітаптар қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасуына ғана емес, ұлттық білім беру жүйесінің іргетасын қалауға да зор ықпал етті.

Ұлт ұстазының еңбегі мұнымен шектелмейді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының негізін қалыптастырып, тіл білімінің көптеген ұғымына қазақша атау берді. Бүгінде күнделікті қолданыста жүрген бірқатар тілдік терминнің бастауында да оның ғылыми ізденістері жатыр.

Тіл тарихы – ел тарихымен тамырлас. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын ұлықтау, оның тіл мен білім сала

сындағы еңбегін насихаттау – ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызды бір бағыты. Тілдер мерекесінің ғалымның туған күнімен ұштастырылуы да осы тарихи сабақтастықтың айқын көрінісі.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту – тіл мамандарының немесе мемлекеттік мекемелердің міндеті емес, барша азаматқа ортақ жауапкершілік. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақ тілі – ұлттың ұйытқысы. Бұл тілдің мерейін асырып, қолданыс аясын кеңейту – бәріміздің азаматтық парызымыз», – деген сөзі де осы жауапкершіліктің мәнін айқындай түседі.

Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» деп, тілдің адам мен ұлт өміріндегі айрықша орнын атап көрсетті. Ғалым айтқандай, «Біздің заманымыз – жазу заманы». Бүгінгі цифрлық дәуірде бұл ойдың салмағы одан сайын арта түсті.

Тілді сақтау – ұлтты сақтау. Тілді дамыту – елдің болашағын нығайту. Ендеше, мемлекеттік тілдің қоғамның барлық саласында кеңінен қолданылуына жағдай жасау, оның мәртебесін биіктету – әрбір азаматтың ел алдындағы ортақ парызы.

А.Д.ТОҚТАРБАЕВА,
Алматы қаласы бойынша
Мемлекеттік қазынашылық
департаменті персоналмен жұмыс
істеу бөлімінің бас маманы.

БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

«ШАҢАР ШАБЫТЫМДЫ ШАЛҚЫТАДЫ»

Алматы – алуан тағдырды тоғыстырған ғажайып шаһар. Сонау 1942 жылдан бері жұмыс істейтін Отан соғысы ардагерлеріне арналған клиникалық госпиталь бар. Осы мекемеде 21 жыл еңбек етіп келе жатқан медицина саласының маманы, кейінгі жылдары өлең жазуға ден қойған әдебиетсүйер жан Танзилия МҰСАБЕКҚЫЗЫМЕН сұхбаттастық.

– Қаланың байырғы тұрғыны ретінде мегаполис-тегі бүгінгі өзгерістерді қалай бағалайсыз?

– Қазір көп жұмыс атқарылып жатқанын көріп отырымыз. Әсіресе, Дархан Сатыбалды әкім болып келгеннен бері көз қуанарлық өзгерістің көп екенін айта аламын. Қазір арықтар тазаланып, көшелер ретке келтіріліп жатыр. Көшеге шықсаңыз, аула сыпырушылардың тынымсыз еңбегін көресіз. Жол қиылыстарында гүлдер жайқалып тұр. Жолдарды ұзарту, жаңа жолайрықтарын салу сияқты үлкен жобалар да жүзеге асырылып жатыр. Мұндай жұмыстардың қағаз жүзінде қалып қоймай, нақты орындалуы қуантады.

– Бүгінгі жастар туралы ойыңызды білгіміз келеді?

– Қазіргі жастар өте білімді, білікті. Біздің кезімізде түрлі шектеу болды. Мысалы, шетелге еркін шығып, білім алу мүмкіндігі аз еді. Ал бүгінгі жастардың алдында жол ашық. Тәуелсіздіктің және мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдаудың арқасында жастарға шетелде білім алып, оқуын жалғастырып, өзін дамытуға мүмкіндік мол.

Кейде қаланы аралап, жастардың өміріне сырттай бақылау жасаймын. Жақында метроға түсіп, әдейі қоғамдық көлікпен жүрдім. Метро вагонында бос орын болмады. Сонда жастар бірден орындарынан тұрып, маған орын берді. Олардың арасында өзге ұлт өкілдері де болды. Бұл мені ерекше қуантты. Демек, біздің қоғамдағы үлкенге құрмет көрсету мәдениеті өзгелерге де әсер етіп жатыр. Одан кейін Көктөбеге арнайы бардым. Ол жерде туристерге қызмет көрсетіп жүрген жастарды ұзақ бақыладым. Біздің қазақтың ұл-қыздары шетелдік қонақтармен еркін сөйлеседі. Кезек саған келгенде қазақша сөйлеп, өзге ұлт өкіліне оның тілінде жауап береді. Мұның бәрі маған шабыт береді.

– Дегенмен, технологияның кері әсері туралы да жиі айтылады. Бұған қалай қарайсыз?

– Қазір компьютер мен смартфонсыз көптеген жұмыс атқарылмайды. Оның пайдасы өте көп. Бірақ технологияны теріс пайдаланатындар да бар. Бұл жерде ең алдымен ата-ананың жауапкершілігі маңызды. Балаға кішкентай



күнінен дұрыс тәрбие беріп, бағыт-бағдар көрсету керек. Жастарға барлық жауапкершілікті артып қою дұрыс емес. Көп нәрсе үлкендерге байланысты. Сондықтан алдымен өзімізді тәрбиелеуіміз қажет.

– Қазір әдебиет те өзгеріп жатыр. Кейбір адамдар болашақта әдебиет біз ойлағаннан мүлде басқа сипат алады дейді. Бұған не дейсіз?

– Кейбіреулер болашақта қолмен, қаламмен жазу мүлде тоқтайды деп ойлайды. Бірақ бұл пікірмен келіспеймін. Басқа халықтар туралы айта алмаймын, ал қазақ халқының бойында сөз өнеріне, өлеңге деген қасиет ежелден бар. Жазу формасы өзгеруі мүмкін. Біреу өлеңін қағазға жазады, енді біреу смартфонға тереді. Бірақ өлеңге, сапалы сөзге деген құштарлық жоғалмайды. Өйткені, біздің әдебиетіміздің тамыры ауыз әдебиетінде жатыр. Қазақ халқы өлеңін де, әңгімесін де, рухани мұрасын да сақтап қалады деп сенемін.

– Өзіңіз де өлең жазасыз, ақындығыңыз туа біткен қасиет пе, әлде шабыттан туған құлшыныс па?

– Әкем мұғалім болды. Ал атам Оралды көпшілік ақын әрі сөзге шешен адам ретінде таныған екен. Бәлкім,

бұл қасиет маған қанмен берілген шығар. Дегенмен, мектепте оқып жүрген кезде өлең жазамын немесе ақын боламын деген ой болған жоқ. Бірақ мектепте де, кейін техникум қабырғасында да қоғамдық және шығармашылық жұмыстардың ортасында жүретінмін. Бала кезімдегі үлкен арманым қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болу еді. Сонымен қатар, сурет салғанды да жақсы көремін. Зейнетке шыққан соң, осы қырымды да дамытсам деген ойым бар.

– Өлеңдеріңізде өкпе мен реніштен гөрі жылылық пен мейірім басым. Бұл сіздің табиғи болмысыңыз ба?

– Ол да адамның өмірдегі болмысына байланысты шығар. Аллаға шүкір, отбасым, балаларым, алты немерем бар. Мұның өзі адамға үлкен қуаныш пен жылылық береді. Өміріміздің жартысынан көбі жұмыс орнында өтеді ғой. Мен өз жұмысымды шын көңіліммен жақсы көремін. Госпитальде еңбек еткен 21 жыл ішінде жетбасшыны көріппіз.

Олардың барлығы мені қолдады. Әсіресе, қазіргі басшымыз Гаухар Тазабекқызына алғысымды білдіргім келеді. Менің өлеңге деген құштарлығымның оянып, шығармашылыққа бет бұруым осы кісінің басшылық еткен кезеңімен тұспа-тұс келді.

– Адамның тәнін ғана емес, жан-дүниесін де емдей білу керек деген пікір бар. Медицина мен әдебиетті не байланыстырады деп ойлайсыз?

– Медицина мен әдебиеттің арасында адамға деген жанашырлықтан туындайтын үлкен байланыс бар. Госпитальдің 80 жылдығына арнап өлең жазғаным бар. Онда тек дәрігерлердің еңбегін көрсеткім келген жоқ. Дәрігер науқастың диагнозын қойып, ем тағайындайды. Сол емді уақытында орындап, инесін салып, дәрісін беретін – мейірбике. Науқасқа дұрыс әрі уақытылы тамақ дайындайтын асхана қызметкерлерінің де еңбегі зор. Сонымен қатар, көп жағдайда шаруашылық бөлімінің мамандары назардан тыс қалып жатады. Мен осы тұтас ұжымның еңбегін көрсетуге тырыстым.

– Қазір сізді қандай тақырыптар толғандырады?

– Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастарға арнап өлең жазып жүрмін. Біз сол кездегі жастардың замандасы болдық. Менің ойымша, тәуелсіздікке жетуімізге олардың ерлігі мен қайсарлығы зор ықпал етті. Сол азаматтарға арнап өшпес өлең жазып қалдырсам деймін. Ізденіс үстіндемін. Сонымен қатар, аналар тақырыбы да алдағы шығармашылығымның басты бір бағыты. Қазір өзім әже болсам да, анамды жиі еске аламын.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Дастан ҚАСТАЙ.



ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

ТАБЫСТЫ САЛА

**Алматының туризм бағытын-
дағы халықаралық имиджі ны-
ғайып келеді. Әсіресе, Азия елдерімен
қарым-қатынас орнығып, жаңа әуе
бағыттары ашылып, ірі халықаралық
көрмелерде қаланың мүмкіндіктері
кеңінен көрсетілуде.**

Бұл – Алматының Қазақстандағы ғана емес, Орталық Азиядағы танымал туристік орталық ретіндегі орнын нығайтудағы жүйелі қадамы. Туризм саласының экономикадағы орны да айқын. 2026 жылдың алғашқы үш айында Алматы туризміне 25,2 млрд. теңге инвестиция тартылып, қала бюджетіне туристік қызметтен 22 млрд. теңге салық түсті. Сонымен қатар, осы кезеңде Алматы тау кластеріне 509,3 мың адам келген. Ал жыл соңына дейін қалаға 800 мыңнан астам шетелдік турист келеді деп болжануда.

Алматының Азия нарығындағы маңызды серіктестерінің бірі – Оңтүстік Ко-

рея. Бұл елден келетін туристер санының тұрақты өсуі корей нарығының әлеуеті жоғары екенін дәлелдейді. 2025 жылы Алматыға Корея Республикасынан 23,2 мың турист келген. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 15,3% көп. Саяхатшылар легінің артуы екі ел арасындағы туристік байланысты одан әрі тереңдетуге ықпал етіп отыр. Осы бағыттағы жұмыстардың бірі – Алматыда өткен «Пусан күні». Іс-шараға туризм және бизнес саласының 100-ге жуық өкілі қатысып, Пусанның туристік әлеуеті, мәдениеті және корей компанияларының косметика, кәдесый өнімдері де таныстырылды.

Байланысты нығайтатын тағы бір маңызды фактор – тікелей әуе қатынасы. 2026 жылғы 1 мамырдан бастап Eastar Jet әуе компаниясы Алматы – Пусан бағыты бойынша аптасына екі рет рейс орындайды, ұшу уақыты шамамен, алты сағат. Тікелей рейс туристер үшін жолды жеңілдетіп қана қоймай, іскерлік және мәдени алмасуларды да жандандырады, жаңа туристік өнімдерді қалыптастыруға мүмкіндік бе-

реді. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасын табады: маусым айында Алматы өкілдері Seoul International Travel Fair (SITF) көрмесіне қатысты, ал алдағы қарашада қаланың мүмкіндіктері тағы да KOREA MICE EXPO көрмесінде таныстырылады.

Біздің мегаполистің туристік стратегиясында Қытай нарығы да ерекше. Миллиондаған саяхатшысы бар бұл нарық үшін қала жүйелі жұмыс жүргізуде, өйткені туристер санын арттыру инвестиция мен салық түсімдерін көбейтудің тікелей жолы.

Алматы жуырда, 8–11 қыркүйек аралығында Пекинде өтетін Туризм саласындағы ынтымақтастық пен даму жөніндегі дүниежүзілік конференцияға қатысады. Іс-шара CIFTIS (Қызметтер саудасының халықаралық көрмесі) аясында Shougang Park аумағында ұйымдастырылады.

«Алматы халықаралық туристік бағыт ретінде өз позициясын жүйелі түрде нығайтып келеді. Бейжіңдегі WTCF конференциясына қатысу қаланы кәсіби туристік ортаға таныстырып, халықаралық серік-

тестікті кеңейтуге мүмкіндік береді. Біз үшін Қытай нарығының маңызы ерекше. Қытай – шетелдегі басым бағыттардың бірі. Сондықтан қытайлық туристік компаниялармен, ұйымдармен және қалалармен тікелей байланыс орнату келетін туристер санын арттыру және қаланы таныту үшін маңызды», – дейді Алматы қаласы Туризм басқармасының өкілдері.

Алматының жұмысы Дүниежүзілік туристік қалалар федерациясы (WTCF) аясындағы ынтымақтастықпен де тығыз байланысты. Федерация құрамында 89 ел мен өңірден 269 қатысушы бар.

Алматының WTCF-пен ынтымақтастығы бірнеше жылдан бері жалғасуда: 2024 жылы CIFTIS аясында жеке алаң алған 10 қала қатарына енді, ал 2025 жылы «See a Different World» сессиясында өзінің туристік әлеуетін таныстырды. Бұл жұмыстар қаланың кәсіби ортадағы танымалдығын арттырып, келелі серіктестік орнатуға негіз қалайды.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ШЫРАЙЛЫ ШАҒАР

**Алматы қалалық Мәдениет бас-
қармасының қолдауымен «Ас-
пан таулы Алматы!» республикалық
бейнеконтент байқауы жүріп жатыр.
Алғаш рет өтіп жатқан байқау қала-
мыздың өмірін заманауи шығармашы-
лық форматта танытатын талант-
ты авторларды анықтау және қолдау
мақсатында қолға алынған.**



«АСПАН ТАҰЛЫ АЛМАТЫ» байқауынан жүлделі болыңыз!

қаланың көпшілікке таныс қырларымен қатар, күнделікті өмірден байқала бермейтін ерекшеліктерін де өз шығармашылық көзқарасы арқылы ұсынып, дода жеңімпазына айналу мүмкіндігіне ие болады.

Байқауға Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған азаматтары қатыса алады. Қатысушылардың тұрғылықты жеріне, кәсіби мамандығына немесе қызмет саласына шектеу қойылмайды. Ұсынылатын материалдар қатысушының өз авторлық жұмысы болуы, байқау басталғанға дейін басқа байқауларда жүлделі орындарға ие болмауы, сонымен қатар бұрын әлеуметтік желілер мен бейнехостингтерге жүктелмеген болуы қажет. Бейнеконтент

ұзақтығы – 30 секундтан 2 минутқа дейін. Қатысуға келіп түскен жұмыстарды шығармашылық индустрия, медиа және мәдениет саласының мамандарынан құралған сараптамалық комиссия мен қазылар алқасы бағалайды.

Қазылар құрамына режиссерлер, продюсерлер, мәдениет және өнер қайраткерлері, медиа саласының кәсіби мамандары, қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. Жұмыстарды бағалау кезінде ең алдымен авторлық идеяның өзіндік ерекшелігіне, тақырыпты ашу тәсіліне және бейнематериалдың көркемдік шешіміне назар аударылады.

Байқау жеңімпаздары 2026 жылғы қыркүйекте Алматы қаласы күніне арнал-

ған іс-шара аясында жарияланып, марапатталады. Байқау қорытындысы бойынша үздік деп танылған бейнематериалдар арнайы іріктеліп, ұйымдастырушылардың ақпараттық және коммуникациялық алаңдарында жарияланады.

Жеңімпаздар үшін қомақты жүлде қоры тағайындалған. Жүлделі I орынға – 3 000 000 теңге; II орын – 2 000 000 теңге; III орын – 1 000 000 теңге, ал 300 000 теңгеден бес бірдей ынталандыру сыйлығы берілмек.

Алматының көрікті келбетін бейнеконтент арқылы айшықтап, жүлделі болыңыз!

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖАНКЕШТІ КӘСІП



Алматыда тау туризмін дамыту бойынша кешенді жоспарлар Азёрленуде. Қаламызда альпинизмге құштар, тау спорты мен туризмiне қызығатындар саны жыл сайын көбейiп келедi. Дегенмен, бұл саланың ең басты талабы – қауiпсiздiк.

Осы тақырып төңірегінде әлемдегі барлық биіктікті бағындырған танымал альпинист, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Мақсұт ЖҰМАЕВПЕН әңгімелесудің сәті түсті. Отандасымыздың есімі дүние жүзінде ең биік 14 шыңға қысқа мерзімде көтерілген ең жас альпинист ретінде тарихқа енген. Ол әйгілі Эверестке 3 мәрте табан тіреген санаулы альпинистердің бірі.

ЭВЕРЕСТКЕ ШЫҚҚАН ҚАЗАҚ

3 рет

Кейде кері шегіне білу керек

– Альпинизмдегі жолыңыз Алматыдан басталыпты. Әлемнің ең биік 14 шыңын бағындырғаннан кейін тауға деген танымыңыз өзгерді ме?

– Тауға деген махаббатым бәз-баяғы қалпында. Тек қазір кәсіби маман ретінде сәл өзгеше қарайтын шығармын. Жас кезімде әр бағындырған шыңым мен үшін романтика, өмірімдегі жаңа бір белес сияқты еді. Ал бүгінде тауға шығуға әлдеқайда байыппен, кәсіби тұрғыдан қараймын. Соған қарамастан, шыңға көтерілген сәттегі таңданыс пен қуаныш сезімін жоғалтпауға тырысамын. Тіпті, бірнеше рет көтерілген шыңымның өзінде сол сезімдер қайта оянады. Меніңше, альпинизмнің мәні де осында – тау адамға әр жолы жаңа әсер, жаңа сезім сыйлайды.

– Бір сөзіңізде «биік тауда адамды тек табиғат емес, ағзасы да сатып кетуі мүмкін» депсіз. Биік шыңдардың бәріне қосымша оттегі құралынсыз қалай шықтыңыз?

– Адам ағзасының қандай күтпеген «тосын сый» жасарын дөп басып айту қиын. Оған бірнеше фактор әсер етуі мүмкін. Дайындығы, сапарға қалай қамданғаны тікелей әсер етеді. Кәсіби маман болсам да, 8000 метрлік шыңдарды бағындыру оңай болмады. Себебі, тәжірибенің жөні бір бөлек. Ал «өлім аймағындағы» кез келген биіктік – ағза үшін өте ауыр стресс. Экстремалды биіктіктерде өзіңді жақсы сезіну үшін тұрақты жаттығу, тамақтану режимі мен медициналық тексеріске аса жауапкершілікпен қарау керек. Оның ішінде дәрумендер ішіп, буындар мен басқа да ағза жүйелерін уақытылы емдеу маңызды. Қазір жасым елуге таяп қалды. Экстремалды биік шыңдарды бағындыру үшін ең қолайлы жас деуге келмес. Бұрынғыдай жүгіріп шықпаймыз, асықпай, байыппен, әр қадамды ойлап басамын. Тау әрдайым сабырды талап етеді. Мұнда ешкім асықпайды, асығыстық үлкен қателікке ұрындыруы мүмкін.

– Әлемдегі ең қауіпті K2 шыңын бағындыру оңай болмапты. Бірнеше рет талпыныстан кейін бағындырдыңыз. Кейде шыңға бір қадам жетпей кері қайтуға тура келеді екен...

– Иә, K2 шыңына шығу талпынысым бес рет сәтсіз болды. Әрқайсысында 100, 200 немесе 300 метр қалғанда тоқтатылды. Әрі қарай жүре берсек, өмірге қауіп төнетін үлкен тәуекел болатынын түсіндік. Альпинистер қажет кезде кері шегіне білуі керек.

Шың басында альпинистер бір-бірін неге құттықтамайды?



«Жақсы альпинист – тірі альпинист», «Тау орнында тұр, тұра да береді» деген қағида ны ұстануға тырысамыз. Сол себепті, ең қауіпті нүктеге жақындағанда тоқтауға тура келді. Шыңға дейін қанша қалғанына емес, сол сәттегі қауіпсіздікті бағалау керек. Дауыл, қар немесе тас көшкіні деген сияқты факторлар әсер етті. K2 – мен үшін ең күрделі шың. Бұған дейін өзге шыңдардың барлығына алғашқы әрекеттен-ақ көтерілген едік. Әрине, мұндай шешім қабылдау оңай емес. Жалпы, кез келген сапар шыңға жетпей аяқталса, альпинистке ауыр тиеді.

Шығу – оңай емес, түсу – одан да қиын

– Альпинизмде «шыңға шығу – жарты жол ғана, ең қиыны – төмен түсу» деген түсінік бар дейді. Шынында, шығудан түсу қиын ба?

– Бұл рас. Ең күрделі кезең – төменге түсу. Мен ылғи да «Үйге қайтар жол шыңға аяқ басқан сәттен басталады» дегенді айтып жүремін. Статистикаға сүйенсек, альпинистердің үштен екісі кері қайтар жолда қаза табады.

– Расында, соңғы кездері тауда қаза тапқан альпинистер туралы қайғылы хабарлар жиілеп кетті...

– Оның бір себебі – альпинистердің көбі бар күшін тек шыңды бағындыруға сарп етеді де, төменге түсудің соншалықты қиын екенін ескермейді. Адам ағзасы шаршайды, одан кейін шыңға жеттім деген физикалық әрі моральдық босаңсудың да әсері болады. Төменге түсіп келе жатып, бар-жоғы бір-ақ секундқа зейініңді басқа жаққа аударсаң, өлім қаупінде қалуың ғажап емес.

Тәжірибелі бапкеріміз Ерванд Ильинский бізге таудан оралғанда бойымызда күш-қуатымыздың үштен бірі болуы керек екенін әрдайым шегелеп айтатын. Сапарға үнемі көп күш жинап, аса сақтықпен шығатынымыз. Шыңға жетіп, сол жерде өзімізді ес-түссіз құлайтындай жағдайға ешқашан жеткізбедік.

Альпинистер арасында шың басында бір-бірін құттықтамайтын «жақсы» дәстүр бар. Төменге түсіп, қауіпсіз жерге жеткеннен кейін ғана сәтті сапармен құттықтап, жылы лебіздерімізді жаудырамыз. Шың – жолдың жартысы ғана, алда әлі өте күрделі әрі қауіпті төменге түсу жолы күтіп тұрады.

– Өзіңіз де биік тауда талай трагедияға куә болғаныңызды айтқанысыз...

– Тауда қаза тапқан альпинисттің денесін көрсем, оған қарамауға тырысамын. Суретке-видеоға түсірмеймін. Өйткені, бұл – біреудің трагедиясы, біреудің әкесі, ұлы неме-

се атасы, марқұмның отбасы үшін ауыр қайғы. Бұл туралы сөз қозғамауға тырысамыз. Қалай болғанда да, «бірдеңе болып қалмай ма деген ой көкейде әрдайым тұрады. Бірақ біз, альпинистер ырымшыл халықпыз ғой. Әрине, жазатайым оқиғаның немесе күтпеген төтенше жағдайдың болуы ықтималдығы әрдайым бар, тауда қауіптен ешкім жүз пайыз сақтандырылмаған. Дегенмен, жаман ойларды әрқашан бойымыздан аулақ ұстаймыз. Оның өзі қосымша ауыртпалық, адамның күш-қуатын босқа сарп етеді. Сондықтан бізде «ажал туралы мүлде сөз қозғамау» деген жазылмаған ереже бар

Альпинизмнің қатал шарты

– Қызықты әрі қауіпті болған сапарыңызды айтып берсеңіз...

– Әр қадамды басқан сайын кейде «Мұнда маған не бар? Не үшін жүрмін?» деген сұрақтар көкейде тұрады. Қар көшкініне тап болып, өте қиын жағдайларды бастан кешірген сәттеріміз аз болған жоқ. Үнемі қар көшкіні жүреді, жоғарыдан тас құлайды, мұздықтар да қауіпті. Тауда қауіпсіз кез деген мүлдем жоқ. Бастысы, сол қауіп-қатер жағдайында өмір сүріп үйрену. Тіпті, ұйықтап жатқанда да астыңдағы мұздықтың шытынаған дауысы немесе алыстан күркіреген қар көшкіні естіледі, ал сен ол көшкіннің түнде саған қарай келе жатқанын немесе айналып өткенін білмейсің. Сондықтан «ең қауіптісі осы болды» деп тек біреуін айтып бере алмаймын.

Күрделі сапарға шыққанда, ол жерден аман-есен оралатынымызға ешқашан кепілдік болмайды. Табиғат құбылыстары ғана емес, адам ағзасына да байланысты. Мәселен, Эверестте 20 сағатта жәй жөтелдің өзі өкпе ісінуіне дейін жетуі мүмкін. Мұнда инфекциялық немесе бактериологиялық аурудың бәрі тез асқынады. Оған гипоксия (оттегі жетіспеушілігі) қосылады. Шынын айтқанда, тау қуатты, күшті, бірақ ол қателікті кешірмейді, еркелікті көтермейді...

– Альпинизмнің ережесі бойынша тауға жалғыз шығуға тыйым салынған. Мұндай ереженің маңызы неде? Неліктен альпинистер әрдайым топ болып жүруге міндетті?

– Бұл – командалық спорт. Тіпті, құтқару отряды бақылап, бағыт көрсететін арнайы ұйымдастырылған соло-сапарлардың өзінде қауіп жоғары. Құзар шыңдарда қауіп арта түседі. Жартасты аймақтарда сақтандырусыз, жалғыз өрмелеуге мүлде болмайды. Өйткені, арқанды екінші альпинист ұстап тұрады. Сондықтан альпинистер әрдайым топпен (жүппен немесе төрт адам болып) жүреді. Аяғы тайып, құлап кетсе, серігі оны ұстап қалып, құтқарып қалуға тиіс. Жаныңдағы серік-тесіңнің өзің сияқты мықты болуы маңызды. Білімі мен дайындығы команданың деңгейіне сай келмейтін адамдар альпинизмнен өздері-ақ кетеді. Бір ғана қателіктің кесірінен бүкіл команда қаза табуы мүмкін. Мұндай қайғылы жағдайлар жиі кездесетіндіктен, біз серік таңдауға өте салмақты қараймыз. Өз командасын тапқан альпинистер оны қатты бағалайды. Тауда «жалғыз батырлар» болмайды. Тарихта болған, бірақ олардың барлығы дерлік қаза тапты.

Әркімнің өз Эвересті бар

– Эверестті үш рет бағындырып, әлемдегі сегізмыңдықтың бәрінен өттіңіз. Мұны альпинистің ең үлкен жетістігі деп айта аламыз ба?

– Жер шарындағы ең биік нүктеде үш рет болдым. Мен үшін Эвересттің жөні қашан да бөлек. Шындығында, тауға шығу – өмірді тану. Шыңға шығу арқылы адам өзін таниды, мүмкіндіктерінің шегін ұғады. Оны бағындыру арқылы адам өткенінен арылып, өмірін жүйелейді, бәріне биіктен көз тастайды. Бірақ ең бастысы – шыңның биіктігінде емес. Тіпті, ең аласа төбеге көтерілгенде де, Эвересттегідей толқынысты бастан кешіп, ішкі рухани тазаруды сезіне алсаң, альпинист үшін ең үлкен жетістік осы. Өйткені, әркімнің өз Эвересті бар.

– Жас альпинистерге не айтасыз?

– Басты кеңесім – шыңға дайындықсыз шықпау және асықпау. Тауға бірінші рет шығып, бірден Эверестті бағындыруға ұмтылудың қажеті жоқ. Кішігірім жорықтардан бастап, тауға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті қатар шыңдаңыз. Өйткені, таудағы қателіктің кұнын адам өмірінен төлейді. Өміріңізге салмақты қарап, қауіпсіздік ережелерін әрдайым басты орынға қойған дұрыс.

– Мазмұнды әңгімеңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан Гүлжанат СЕМБАЕВА.

(Суреттер: альпинистің жеке мұрағатынан)

ҰЫЗҒА ЖАРЫҒАН БАЛА

Қазақта «уызына жарымаған» деген сөз бар. Астарлы да ауыр сөз. Ол бөлек әңгіме. Ал оның тікелей мағынасына келсек, сәби дүниеге келген сәтте анасының омырауынан алғашқы екі күн бойы қоректенетін уыздан бүкіл өміріне жететін иммунитетті жинап алады екен. Сондай-ақ, баланың екі-үш жасқа дейін емгені дұрыс.

Жасыратыны жоқ, қазіргі өмір ырғағы жас босанған әйелдерді жұмысқа тым ерте оралуға мәжбүрлейді. Дәлірек айтсақ, қаржылық, тұрмыстық қиындықтан шығу, жұмыс орнын сақтап қалу үшін немесе кәсібінен алшақтап кеткісі келмей сәбиін емшектен ерте шығарып жіберетін аналар аз емес.

Жалпы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы баланың өмірінің алғашқы алты айында тек ана сүтімен тамақтандырды, одан кейін қосымша тағам енгізумен қатар, екі жасқа дейін және одан да ұзақ уақыт емізуді жалғастыруды ұсынады. Ана сүтінің құрамында қажетті қоректік заттар мен биологиялық белсенді компоненттер, соның ішінде нәрестені инфекциялардан қорғауға көмектесетін антиденелер бар.

– Бала емізудің сәби денсаулығы үшін маңызы зор. Ол иммундық жүйенің қалыптасуына ықпал етеді, ас қорытуға оң әсерін тигізеді және қарқынды өсу кезеңінде нәрестені қажетті қоректік заттармен қамтамасыз етеді. Сондықтан біздің міндетіміз – анаға омырау сүтінің пайдасын айтып қана қоймай, егер ол қаласа, баласын емізуді жалғастыру мүмкіндігін сақтауға көмектесу, – дейді №17 қалалық емхананың дәрігер-педиатры Дамира Саусанова.

Маманның айтуынша, әрине, әйел жұмысқа шығып кеткен соң баласына емшек сүтінің орнына түрлі қоспа бере баспайды. Одан соң жас босанған әйелдің



шаршауы, емізу кезіндегі ауырсынуы, баланы кеудеге дұрыс орналастыра алмауы, омырау сүтінің жеткіліксіздігіне алаңдауы және осы процестердің кезінде жанында дұрыс кеңес бере алатын адамының болмауы да себепкер дейді дәрігер.

Әйелдің өзі үшін де бала емізудің пайдасы бар. Ол босанғаннан кейінгі қалпына келу процесіне ықпал етеді және кейбір аурулардың, соның ішінде сүт безі мен аналық без қатерлі ісігінің даму қаупінің төмендеуімен байланысты. Бала үшін ана сүті – тағам көзі ғана емес, өмірінің алғашқы айларында ағзаны қорғаудың бір бөлігі.

Сонымен бірге, дәрігерлер бала емізу туралы әңгіме қысым көрсетуге немесе анада кінәлі сезімін қалыптастыруға айналмауы керек екенін атап өтеді. Медициналық қарсы көрсетілімдер мен балаға қосымша тамақтандыру қажет болатын жағдайлар бар. Мұндай кезде шешімді ана мен баланың денсаулық жағдайын ескере отырып, дәрігер қабылдайды. Негізгі мақсат – балаға қауіпсіз әрі толыққанды тамақтануды қамтамасыз ету және әйелге білікті көмек көрсету.

Алматыда мұндай қолдауды барлық емханадан алуға болады. Мысалы, №17 қалалық емхананың Даму және ерте

араласу орталығында мамандар балаға емшекті дұрыс емізу, тамақтандыру тәртібі, нәрестенің жеткілікті қоректеніп жатқанын көрсететін белгілер және лактостаздың алдын алу мәселелері бойынша көмек көрсетеді. Мұнда «денсаулық мектебі» де жұмыс істейді. Онда бала емізу, жаңа туған нәрестеге күтім жасау және қосымша тағам енгізу мәселелер егжей-тегжейлі түсіндіріледі.

Патронаж қызметі перзентханадан шыққаннан кейінгі алғашқы апталарда жаңа туған нәрестесі бар отбасыларға үйіне барып, бақылау жүргізеді. Бұл мамандарға туындаған қиындықтарды ерте кезеңде байқап, отбасына оларды шешуге көмектесуге мүмкіндік береді.

– Ең бастысы – мәселені жалғыз шешуге тырыспау. Егер ана сәбиін емізу кезінде ауырсынса, балаға сүт жетпей жатқандай көрінсе немесе жұмысқа шыққаннан кейін тамақтандыруды қалай ұйымдастыру керегін түсінбесе, көмекке жүгінуі қажет. Көптеген қиындықты дер кезінде қолдау алған жағдайда еңсеруге болады, – дейді педиатр.

Бүгінде бала емізу мәселесі әйелдің жеке таңдауы ғана емес. Бұл – отбасының, медициналық жүйенің және жұмыс берушінің анаға ана болуды кәсіби өмірмен қатар алып жүруге қаншалықты дайын екенін де білдіреді. Сондықтан әйел жұмысқа шығуым не баламды емізіп үйде отыруым керек деген таңдаудың ортасында қалмауы қажет. Толыққанды қолдау болған жағдайда екеуін де қатар алып жүруге әбден болады. Ал, түптеп келгенде, уызға жарыған бала – ұлт саулығының кепілі.

Сурет: ЖИ.

МАМАН МІНБЕРІ

Қандағы қантты тексертіп тұрыңыз

Неліктен 40 жастан кейін холестерин мен қант деңгейін бақылау маңызды? Бұл туралы №36 қалалық емхананың дәрігері Қанымгүл Құрбанова айтсын.



40 жастан кейін адам өзін жақсы сезінсе де, денсаулықтың негізгі көрсеткіштерін тұрақты түрде бақылап тұруы керек. Холестерин мен қандағы қант деңгейінің жоғары болуы ұзақ уақыт бойы ешқандай белгі бермеуі мүмкін. Алайда, біртіндеп ауыр аурулардың даму қаупін арттырады.

Қанымгүл Құрбанованың айтуынша, холестерин деңгейінің жоғары болуы атеросклероздық түйіндердің пайда болуына және қан тамырларының тарылуына ықпал етеді. Бұл инфаркт, инсульт және басқа да жүрек-қан тамырлары ауруларының дамуына жол ашып береді. Ал қандағы қант деңгейінің ұзақ уақыт бойы жоғары болуы қан тамырларын зақымдап, жүрекке, бүйрекке, көзге және жүйке жүйесіне кері әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, қант диабетінің асқыну қаупін арттырады.

«Қазақстанда ерлер мен әйелдер 40, 42, 44, 46 жастан бастап 76 жасқа дейінгі аралықта жүрек-қан тамырлары аурулары мен қант диабетін ерте анықтауға арналған скринингтен екі жылда бір рет өтеді. Тексеру барысында липидтік және көмірсу алмасуының көрсеткіштері, соның ішінде ТТЛП, триглицеридтер және гликирленген гемоглобин деңгейі бағаланады. Қажет болған жағдайда қосымша зерттеулер тағайындалады», – дейді дәрігер.

Скринингтен тіркелген емханада медициналық қызметкердің шақыруымен немесе өздігінен өтуге болады. Ең бастысы – әлдебір жеріңіздің ауыруын күтпеу. Профилактикалық тексеру қауіп факторларын дер кезінде анықтап, денсаулықты сақтауға бағытталған қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

ТРАВМАТОЛОГИЯ



Сәтті ота

Қаладағы №2 балалар клиникалық ауруханасында жол-көлік оқиғасынан ауыр жарақат алған 5 жастағы қыз балаға жасалған бірегей хирургиялық емнің алғашқы кезеңі сәтті өтті.

Күрделі операцияны аурухананың травматолог дәрігерлері Ресейдегі Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің Н.И.Пирогов атындағы Жоғары медициналық технологиялар клиникасының жетекші маманы Павел Бортүлөвпен бірлесіп, халықаралық шеберлік сабағы аясында орындады. №2 БҚКА директоры Марат Рабандияровтың айтуынша, бұл клиникалық жағдай балалар травматологиясындағы ең күрделі жағдайлардың бірі болып саналады, ал жасалған операция микрохирургиялық дәлдікті талап ететін отаның жарқын үлгісі болды.

Ота жасалған балдырған бір жыл бұрын бас-ми жарақатын алып, сан сүйегі сынып, ұзақ уақыт комада жатқан. Ауыр жағдайдың салдарынан балада өте сирек кездесетін әрі күрделі асқыну дамып, сол жақ

жамбас-сан буынының айналасында сүйек тіні түзіле бастаған. Уақыт өте келе кейбір бұлшықеттер мен жұмсақ тіндер тығыз сүйек құрылымдарына айналып, буынның қозғалысын дерлік толық шектеген. Соның салдарынан қыз баланың аяғы мүлде қозғалыссыз қалған.

Операцияның күрделілігі патологиялық сүйек түзілістерінің арасынан ірі қан тамырлары мен жүйкелердің өтуімен байланысты болды. Хирургтің кез келген абайсыз қимылы ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін еді. Бірнеше сағатқа созылған операция барысында дәрігерлер өмірлік маңызды құрылымдарды мұқият бөліп алып, қоршаған тіндерді сақтай отырып, гетеротопиялық оссификатты алып тастады. Ем жалғасады. Екінші кезеңде сан сүйегінің деформациясын түзету мақсатында реконструктивтік операция жасау жоспарланған. Дәрігерлер кешенді емдеу нәтижесінде баланың қозғалыс қабілеті қалпына келіп, өздігінен жүріп, толыққанды өмірге оралады деп үміттенеді.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

ӨНІМНІҢ ӨЗЕГІ

Дәм мен дамудың арасындағы өндіріс

Дүкен сөрелеріндегі азық-түлік қайдан келеді? Күн сайын сатып алатын нан, сүт, ет, тәтті тағам мен сусынның қаншасы өзімізде өндіріледі? Осы сауалдарға жауап ізде-сек, шаһардың қарбалас тіршілігінің тасасында қызу еңбек етіп жатқан үлкен өндіріс әлемі барын аңғаруға болады.

Шаһар экономикасын алға сүйреп отырған маңызды салалардың бірі – азық-түлік өндірісі. Алматылықтардың күнделікті тұтынатын өнімдерінің едәуір бөлігі мегаполистегі кәсіпорындарда өндіріледі. Нан мен кондитерлік өнімдер, сүт пен ет тағамдары, сусындар мен шырындар, өсімдік майы, шай, кофе және түрлі дайын тағам – мұның бәрі қаладағы өндіріс орындарынан шығады.

Ірі зауыттар өндіріс көлемін ұлғайтып, жаңа технологияларды енгізіп жатса, шағын және орта кәсіпорындар нарықтағы орнын нығайтуда. Миллиондаған адамның күнделікті сұранысы өңдеу өнеркәсібіне серпін беріп, өз кезегінде қаланың экономикалық тұрақтылығына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және азық-түлік қауіпсіздігінің нығаюына ықпал етіп отыр.

Өнеркәсіпке серпін берген сұраныс

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылдың қаңтар–шілде айларында Алматы қаласындағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1,542 трлн. теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда, 22,5 пайыз артқан. Бұл өсімнің негізгі драйверлерінің бірі – өңдеу өнеркәсібі. Аталған кезеңде өңдеу секторындағы өндіріс көлемі 26,5 пайыз өсті. Ал 2025 жылдың қорытындысы бойынша, қаладағы жалпы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,644 трлн. теңге болып, нақты көлем индексі 114,3 пайызға жетті.

Қалада жер ресурсының шектеулі екенін ескерсек, ауыр өнеркәсіпті кең көлемде дамыту оңай емес. Сондықтан қала үшін шикізатты емес, жоғары қосылған құны бар өңдеу өндірістерін дамыту әлдеқайда тиімді. Ал азық-түлік өнеркәсібі осы бағыттың маңызды бөлігіне айналып отыр.

Азық-түлік өндірісінің Алматыда қарқынды дамуына ықпал ететін басты факторлардың бірі – ішкі нарықтың ауқымы. Халық саны көп болған сайын тұтыну деңгейі де жоғары. Мәселен, 2025 жылдың қорытындысы бойынша, Алматыдағы бөлшек сауда көлемі 8,894 трлн. теңгеге жеткен. Оның ішінде азық-түлік тауарларын өткізу көлемі 2,416 трлн. теңге болды. Бұл мегаполистегі азық-түлік нарығының ауқымын аңғартады. Ал үлкен нарық өндірушілерді жаңа өнім шығаруға, ассортиментті кеңейтуге және өндіріс технологиясын жаңартуға ынталандырады.

Экономист Мақсат Халықтың пікірінше, азық-түлік өндірісін дамыту үшін ең алдымен өнім өндіретін шаруалардың жағдайына назар аудару қажет. Оның айтуынша, ірі шаруашылықтармен қатар шалғайдағы шағын шаруа қожалықтарына да қолдау көрсету маңызды.

– Тұқым жеткізіп беру, жылыжайларды газдандыру, тамшылап суару сияқты инфрақұрылымды жақсартуға көмек болса, шаруалардың өнімінің өзіндік құны төмен-



дер еді. Сол өнімді халыққа тікелей жеткізудің тиімді жолын, логистикалық тізбегін ұйымдастыру қажет. Сонда азық-түлік бағасы да әлдеқайда төмен болады, – дейді сарапшы.

Бұл мәселе қаладағы азық-түлік өндірісі үшін де өзекті. Мегаполис ауыл шаруашылығы өнімдерін көп көлемде өндірмегенімен, Алматы облысы мен өзге өңірлерден жеткізілетін шикізатты өңдейтін ірі орталыққа айналып келеді. Сондықтан фермер – өңдеуші кәсіпорын – сауда желісі арасындағы байланысты күшейту маңызды.

Мақсат Халық азық-түлік мәселесінде халықтың табысын арттыру да негізгі міндеттердің бірі екенін айтады. Оның пікірінше, мәселе тек импортқа тәуелділікте емес, халықтың сатып алу қабілетінде де жатыр. Өйткені, табыстың едәуір бөлігі күнделікті азық-түлікке жұмсалады. Демек, азық-түлік өндірісін дамыту тек өндіріс көлемін арттырумен шектелмеуі тиіс. Шикізат өндірушіні қолдау, логистиканы жетілдіру және халықтың сатып алу қабілетін арттыру – бір-бірімен тығыз байланысты мәселелер.

Алматының басты артықшылықтарының бірі – өндіріс пен тұтынушының бір кеңістікте орналасуы. Бұл логистикалық шығындарды азайтып, өнімнің нарыққа жылдам жетуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Алматы облысы кәсіпорындар үшін сүт, ет, көкөніс, жеміс-жидек және басқа да ауыл шаруашылығы шикізатын жеткізетін маңызды база. Қалада сол өнімді өңдеп, қаптап, дайын брендтік тауар ретінде нарыққа шығаратын кәсіпорындар шоғырланған. Яғни өңірлер арасында «шикізат – өңдеу – сауда – тұтынушы» тізбегі қалыптасып отыр.

Мегаполисте не өндіріледі?

Біздегі өндірістің басты ерекшелігі – оның көпсалалығында. Қала кәсіпорындары ет және ет өнімдерін өңдеп, шұжық, жартылай фабрикактар мен дайын тағамдар шығарады. Сүт өндірісі де маңызды бағыттардың бірі. Алматы нарығында сүт, айран, йогурт, қаймақ, сүзбе, ірімшік және басқа да өнімдерді шығаратын кәсіпорындар жұмыс істейді. Нан-тоқаш және ұннан жасалған өнімдер өндірісі де күнделікті сұранысқа ие салалардың қатарында. Ірі нан комбинаттарымен бірге қалада көптеген шағын наубайхана қызмет етеді.

Шаһардағы азық-түлік өнеркәсібінің дәстүрлі бағыттарының бірі – кондитерлік өнімдер өндірісі. Шоколад, кәмпит, печенье және басқа да тәтті тағамдар қала кәсіпорындарының маңызды өнімдерінің бірі. Бұдан бөлек, өсімдік майы, шырындар, жеміс-көкөніс өнімдері, консервілер, шай мен кофе, майонез бен түрлі тұздықтар, ауызсу және басқа да дайын тағамдар өндіріледі.

Алкогольсіз сусындар өндірісі де қарқынды дамып келе жатқан бағыт. 2025 жылдың қаңтар–мамыр айларындағы дерек бойынша Алматыда сусын өндірісінің көлемі 54,4 млрд. теңгеге жеткен. Сектордың нақты көлем индексі 113,4 пайыз болды. Яғни өндіріс көлемі өткен кезеңмен салыстырғанда, 13,4 пайыз өскен. Аталған бағытта ірі кәсіпорындармен қатар түрлі сусын, шырын, ауызсу және басқа да өнім шығаратын отандық компаниялар жұмыс істейді.

Импортты алмастырудың мүмкіндігі

Экономист-сарапшы Қуанышбек Дүйсеновтің сөзінше, елдегі азық-түлік бағасына әлемдегі экономикалық үдерістер де әсер етеді. Соған қарамастан, бұл жағдай отандық өндірісті дамытуға, импортқа тәуелділікті азайтуға және ішкі нарықтың әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Маманның пікірінше, бүгінде көптеген кәсіпорын шикізат пен өндірістік жабдықтарды шетелден сатып алады. Сондықтан әлемдік нарықтағы бағаның өзгеруі мен ұлттық валюта бағамы дайын өнімнің өзіндік құнына ықпал етеді.

– Жаһандық инфляция, геосаяси жағдай және логистикалық бағыттардың өзгеруі барлық елдің экономикасына өз деңгейінде ықпал етеді. Қазақстан үшін мұндай жағдайда ішкі өндірісті күшейту, жаңа технологияларды енгізу және отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңызды. Бұл ұзақ мерзімде сыртқы факторларға

тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді, – дейді Қуанышбек Дүйсенов.

Экономист әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін өндіру саласында да ішкі әлеуетті арттырудың мүмкіндігі мол екенін атап өтті. Оның айтуынша, мемлекеттік қолдау тетіктері отандық өндірушілердің жұмысын кеңейтіп, өндірістік мүмкіндіктерін дамытуға ықпал ете алады.

Шикізаттан брендке дейін

Қазіргі тұтынушы шикізатты емес, дайын әрі өңделген өнімді көбірек сатып алады. Мысалы, сүт тек шикі күйінде емес, йогурт, ірімшік, сүзбе және басқа да дайын өнім ретінде тұтынылады. Сол сияқты, ет те жартылай фабрикат, дайын тағам және өңделген өнім ретінде сатылымға шығады. Бұл өндірушілерге бір килограмм шикізаттан жоғары қосылған құны бар бірнеше түрлі өнім шығаруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі азық-түлік өндірісінде автомат тандырылған желілер, жаңа қаптама технологиялары, цифрлық бақылау жүйелері және сапаны басқарудың халықаралық стандарттары кеңінен қолданылып келеді. Мәселен, Алматы ауыл шаруашылығы өнімін көп көлемде өндіретін аймақ болмаса да, оны терең өңдеп, дайын өнім мен брендке айналдыратын орталық ретінде дамуға мүмкіндігі бар. Алматы облысы мен басқа өңірлерден жеткізілген шикізат қала кәсіпорындарында өңделіп, дайын тауар ретінде ішкі нарыққа шығарылады. Кейбір өнімдер кейін экспортқа да жөнелтіледі. Бұл модель азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, логистикалық және қаптама шығындарын оңтайландырады.

Мемлекеттік деңгейде отандық өндірушілермен ұзақмерзімді келісімшарттар мен офтейк-келісімшарттарды дамытуға да басымдық беріліп келеді. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында отандық өндірушілермен жасалған келісімшарттардың жалпы көлемі 594 млрд. теңгеге жетіп, былтырмен салыстырғанда, 46 пайыз артқан.

Өнеркәсіп көлемінің өсуі, өңдеу секторына инвестицияның артуы және индустриялық инфрақұрылымның дамуы Алматыдағы азық-түлік өндірісінің әлеуеті жоғары екенін көрсетеді.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



АЗИЯ КУБОГЫНА АПАРАР ЖОЛ

Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында «FIBA Азия кубогы – 2029» турнирінің алдын ала іріктеу кезеңі В тобындағы матчтарының жабылу рәсімі өтті.

Алты күн бойы жанкүйерлер тартысты ойындарға және нағыз баскетбол мерекесінің куәсі болды. Қазақстан құрамасының өз алаңындағы ойындары жанкүйерлердің қолдауымен өтті. Жарысты барлығы 1500-ден астам адам трибуналарда тамашалады.

Алматыдағы жарыстың соңғы ойынында Қазақстан құрамасы Шри-Ланка командасымен жолықты. Кездесу 87:58 есебімен қазақстандық баскетболшылардың пайдасына шешілді. Осылайша жарыста Шри-Ланка, Мальдив және Қырғызстан құрамаларын жеңіп, Палестинаға ғана есе жіберген жерлестеріміз турнирлік кестедегі екінші орынмен келесі іріктеу кезеңіне өтті. Барлық ойынында жеңіске жеткен Палестина құрамасы осы іріктеу кезеңін бірінші орынмен аяқтады.

Топтың қорытынды кестесі: Палестина – 8 ұпай; Қазақстан – 7 ұпай; Шри-Ланка – 6 ұпай; Қырғызстан – 5 ұпай; Мальдив – 4 ұпай.

Турнирдің ең жарқын оқиғаларының бірі Палестина мен Мальдив арасындағы матч болды. Бұл ойында палестиналықтар 150-ден астам ұпай жинады. Аталған нәтиже – ресми халықаралық матчта бір құрама жинаған ұпай саны бойынша әлемдік рекорд. Тарихи оқиға Алматы төрінде тіркелді. Одан бөлек, Қазақстан мен Шри-Ланка арасындағы матчтың үзілісінде Қазақстан баскетболына 100 жыл толуына орай спорт ардагерлері марапатталды. Отандық баскетболдың дамуына үлес қосқан аға буын өкілдеріне Қазақстан баскетбол федерациясы, Алматы қаласы Спорт басқармасы және «Алматы легионы» баскетбол клубы атынан естелік сыйлықтар мен «Қазақстан баскетболына 100 жыл» төсбелгісі табысталды.

Еліміздің баскетбол федерациясының президенті Абай Алпамысов мегаполисте өткен турнирге жоғары баға берді. Әрі ұлттық құраманың ойыны туралы пікір білдірді.

– Алматы – баскетболды сүйетін қала. Мұнда ойын өткізу спортшыларға әрдайым ерекше сезім сыйлайды. Азия кубогына іріктеу кезеңі қаламызда бірінші рет өткізіліп жатқанына қарамастан, бәрі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Қолдау білдірген қала әкімдігіне алғыс білдіреміз. Ал командалымыздың нәтижесіне тоқтасақ, негізгі мақсат – Азия кубогының келесі кезеңіне өту еді. Жігіттер оны орындады. Үш жеңіске жетіп, жақсы ойын өрнегін көрсетті. Бастысы жанкүйерлердің үмітін ақтады, – деді ол.

Абай Алпамысовтың айтуынша, елімізде жалпы баскетбол деңгейі көтеріліп келеді. Бұл спорт түрімен Қазақстанда 800 мыңға жуық адам көшеден бастап, кәсіби деңгейге дейін айналысады. Ал кәсіби клубтардың саны – 35. Төрт лига бар: екі лига әйелдер арасында, екі лига ерлер арасында ойналады. Алматы атынан жарыстарға әйелдердің «Томирис» баскетбол клубы және ұлттық лигада ер-азаматтардың «Алматы легион» клубы қатысады.

– Біздің әр құраманың, әр спорттың өзіндік мәселелері бар. Оның ішінде баскетболдан ұлттық құрама командалымыз

өтпелі кезеңде деуге болады. Жас спортшыларымыз өсіп жатыр, ардагер спортшылар мансаптарын аяқтауға жақын не аяқтап қойды. Біз өз тарапымыздан спортшыларды дайындауға, жиын өткізуге барынша күш саламыз, – деді Абай Алпамысов.

Бірінші іріктеу кезеңінен өткен баскетболшыларымыз қараша-желтоқсан айларының арасында FIBA Asia Cup 2029 іріктеуінің екінші раундына қатысады. Бұл кезеңде 12 елдің құрамасы 6 командадан екі топқа бөлінеді. Қазақстанның болжамды қарсыластарының қатарында БАӘ, Кувейт және Бахрейн спортшылары бар. Екінші раунд қорытындысы бойынша әр топтың үздік төрт командасы Азия кубогының негізгі іріктеу кезеңіне жолдама алады. Жалпы жарыстың 2029 жылғы финалына 16 ұлттық құрама қатысады.

Еске салайық, Алматы – «FIBA Азия кубогы – 2029» турнирінің осы раундтағы матчтарын қабылдаған Орталық Азиядағы жалғыз қала болды. Турнир Алматы қаласы әкімдігі мен Алматы қаласының Спорт басқармасының қолдауымен өтті.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Спорттағы әр жеңіс күш пен шеберлікті ғана емес, сарқылмас жігер мен жақсы дайындықты қажет етеді. Бұл жолды таңдаған қыз-жігіттер асауқатына, жаттығу уақыты мен өзге жағдайларға алаңдамай, бар күшін дайындыққа салғаны абзал. Сондай-ақ, кәсіби спорт оның біліміне кері әсер етпеуі керек. Дәл осындай жағдайда спорт-мектеп-интернаттарының маңызы ерекше. Мұнда түскен спортшылар оқу мен жаттығуды қатар алып, додаларда биік жетістікке жете алады.

Мәселен, Алматыдағы Каркен Ахметов атындағы олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің спортшылары кейінгі үш айда әлем чемпионаттарында тарихи табыстарға қол жеткізіп, Қазақстан спортының абыройын биікке көтерді. Әзербайжанның Баку қаласында өткен U17 жасөспірімдер арасындағы еркін күрестен әлем чемпионатында мектеп-интернат тәлімгері Ағабек Бақдәулет қайсарлық пен шеберліктің жарқын үлгісін көрсетті. Әр белдесуде қарсыласына дес бермеген жас балуан финалда жеңіс туын желбіретіп, әлем чемпионы атанды. Бұл алтын медаль – бір спортшының жетістігі емес, ұлттық күрес мектебінің қуаты мен Қазақстан жастарының биік әлеуетін айқындаған тарихи белес болды.

Ал Венгрия астанасы Будапешт қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы әртістік жүзуден әлем чемпионатында ел намысын қорғаған колледж-интернат спортшылары Айғаным Саим, Виктор Друзин және Ясмин Исламова спорт тарихына алтын әріппен жазылатын нәтижеге қол жеткізді. Айғаным Саим мен Ясмин Исламова Қазақстан құрамасы сапында тұңғыш рет жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының акробатикалық бағдарламасында күміс жүлде жеңіп алды. Сонымен қатар, Ясмин Исламова аралас дуэт бағдарламасында күміс жүлдеге ие болса, Виктор Друзин техникалық жеке бағдарламада қола медаль иеленді. Нәтижесінде Қазақстан құрамасының қоржынына үш күміс пен бір қола медаль түсті. Бұл – қазақстандық әртістік жүзудің жаңа дәуірін бастаған тарихи табыс.

К.Ахметов атындағы мектеп-интернат-колледжінің әлемдік додалардағы жарқын жеңістерін Аружан Найманбаева жалғады. Билтыр Азия чемпионы атанған ару биыл Оңтүстік Кореяның Чхунххон қаласында өткен таек-



вондодан командалық Әлем кубогында топ жарды. Ол өзінің шеберлігін тағы бір мәрте дәлелдеп, жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Ал Эквадордың Гуаякиль қаласында өткен кадеттер арасындағы дзюдодан әлем чемпионатында мектеп-интернаттың тағы бірнеше спортшысы көзге түсті. Ғабит Расулхан 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қарсыластарының барлығын айқын басымдықпен жеңіп, әлем чемпионы атанды. Ал Нұрбекен Әділжан 50 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күміс жүлде иеленді.

«Әлемнің әр қиырында өткен дүбірлі жарыстарда қол жеткізілген бұл табыстар – кездейсоқ жеңістер емес. Олар – кәсіби жаттықтырушылардың білімі мен тәжірибесінің, ғылыми негізделген дайындықтың және спортшылардың тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Каркен Ахме-

тов атындағы олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі бүгінде халықаралық деңгейдегі чемпиондарды тәрбиелейтін беделді спорт ордасына айналғанын осы жетістіктер айқын дәлелдейді. Жеңіс – мәреге бірінші жетумен ғана өлшенбейді. Ол – арманына адал болған жүректің, еліне қызмет етуді мақсат еткен азаматтың жеңісі. Сондықтан колледж спортшыларының әрбір медалі – Қазақстанның халықаралық беделін арттырған, ұлттық рухты асқақтатқан және өскелең ұрпаққа жігер сыйлаған баға жетпес жетістік. Көк Туымыз әлемдік аренада әрдайым биікте желбіреп, Әнұранымыз жеңіс тұғырында шарықтай берсін», – деді мектеп-интернат-колледжі спорт бөлімінің әдіскері Гүлім Рысбек.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



«ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» жастар форумы

С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Жарқын болашақ» профилактикалық форумы өтті.



Іс-шара студенттердің құқықтық, цифрлық және қаржылық сауаттылығын арттыруға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және жастардың заңсыз әрекеттерге артылуына жол бермеуге бағытталды.

Форум барысында есірткі құралдары мен психотроптық заттарды тұтыну және тарату, дропперлік, интернет-алаяқтық, заңсыз қаржылық операциялар, лудомания, буллинг пен кибербуллинг, сталкинг және өзге де қауіптердің алдын алу мәселелері талқыланды. Сарапшылар осы тақырыптарда баяндама жасап, профилактикалық бейнематериалдар көрсетілді. ҚазҰМУ проректоры, профессор Убайдулла Датхаев 1-курс студенттерінің құқықтық сауаты мен қауіпсіздігіне назар аударудың маңызын атап өтті.

«Алматыдай үлкен қалада ересек өмірін бастаған жастар түрлі жағдайға тап болуы мүмкін. Міндетіміз – студенттерді қылмыстық ұйымдардың арбауынан сақтап, оларға заңсыз схемаларды түсіндіру. Әсіресе, басқа қаладан келген жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру маңызды. Біз оларға неден сақтану керегін түсіндіруге тырысамыз. Студенттер сапалы білім алып, ата-анасының үмітін ақтап, үйіне аман-есен оралуы керек», – деді профессор.

Форумды ҚазҰМУ, ҚР ІІМ Есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алу басқармасы және Алматы қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы ұйымдастырды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ҚҰЖАТҚА ҚЫРАҒЫ БОЛЫҢЫЗ!

Жылжымайтын мүлік пен көлік сатып алу – ең маңызды да қымбат мәміле. Алып Алматыда әр күні мұндай қымбат сауда мәмілелері болып тұрады. Сондықтан құжатты рәсімдеу кезіндегі кішігірім қателіктің өзі едәуір шығынға алып келуі мүмкін екенін ескерген дұрыс.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Қазақстан тұтынушылар ұлттық лигасы» РҚБ президентінің орынбасары Василий Романовский осындай маңызды сатып алулар кезіндегі қауіптер мен олардың алдын алу жолдарын айтып берді.

Жылжымайтын мүлікті сатып алмас бұрын ең алдымен меншік құқығын растайтын құжаттарды, пәтердің алаңы мен жоспарын тексеру қажет. Сонымен бірге, нысанға қойылған кепіл, тыйым және басқа да шектеулердің бар-жоғын анықтап, жылжымайтын мүлікке қатысты берешек болса, оны да алдын ала білген дұрыс.

Құрылысы аяқталмаған тұрғын үйді сатып алғанда да ерекше сақтық қажет. Мұнда құрылыс мерзімінің созылуы немесе тоқтап қалуы, құрылыс салушының банкротқа ұшырауы, сондай-ақ пәтердің алаңы, әрлеуі мен басқа да сипаттамаларының өзгеруі сияқты тәуекелдер бар. Сондықтан қаражат салмас бұрын құрылыс салушының беделін ғана емес, нысанға қатысты құжаттар мен мәміле шарттарын да зерттеген жөн.

Автокөлік сатып алғанда да құжатпен рәсімдеу мәселесіне баса назар аударған жөн. Әсіресе, салоннан көлік алған кезде қабылдау-тапсыру актісіне қол қоймас бұрын VIN-нөмірін, кузовын, жүріс көрсеткішін, жиынтықталуын және құжаттарын мұқият салыстыру қажет. Көліктің сыртқы зақымдары бар-жоғын да тексеріп, анықталған кемшіліктерді актіге жазбаша енгізген дұрыс.

✓

МАМАН ПІКІРІ

Василий РОМАНОВСКИЙ,
«Қазақстан тұтынушылар ұлттық лигасы» РҚБ президентінің орынбасары:

«Кей жағдайда сатып алушыға бір пәтер немесе бір жоспар көрсетіліп, шартта мүлде басқа сипаттама жазылуы мүмкін. Сондықтан жарнамаға немесе сатушының сөзіне ғана сүйенуге болмайды. Барлық ақпаратты құжаттармен салыстырып тексеру керек. Маңызды уәденің барлығы шартта жазбаша көрсетілсе ғана кейін өз құқығыңызды қорғау оңайырақ болады.

Автокөлікті сервиске тек тапсырыс-наряд немесе акт арқылы берген дұрыс. Құжатта көлік иесі шағымданып отырған нақты ақау көрсетілуі керек. Шартты, сервистік кітапшаны, диагностика нәтижелерін, фотосуреттерді және сатушымен болған хат алмасуды сақтаған жөн. Кейін дау туындаса, осы құжаттар ақаудың қашан пайда болғанын және дилердің оған қалай әрекет еткенін дәлелдеуге көмектеседі».

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

«ЕСІҢЕ БІЗДІ АЛҒАЙСЫҢ...»

Күн мен түннің алма-кезек орын алмасуы табиғат заңы десек, өмір мен өлімнің бірінің орнына бірі келуі де – ақиқат екені ешкімге күмән туғызбасы бесенеден белгілі жәйт. Сондықтан да болар, дана халқымыздың өмір бар жерде өлім бар деп уағыз айтып, ұрпақтан-ұрпаққа тәмсіл етіп отыратыны.

Быыл халқының қалаулысы, елінің елеулісі атанған аяулы ана Гүлбаһрам мен мейірімді де абзал әке Шөпшекбайдың жарық дүние есігін ашқандарына 100 жыл, пәниден бақилыққа аттанғандарына 25 жыл толады екен.

Тағдырдың жазуы солай шығар, өмірдегі жанашырлары, асыл аналары Гүлбаһрам мен асқар таудай әкелері Шөпшекбайдан Тілеужановтар әулеті бір-ақ жылда күтпеген жерден айырылып, аһ ұрып қалды. Бір шаңырақтың астында 57 жылдан астам уақыт тату-тәтті ғұмыр кешіп, жарық дүниеге сегіз перзент – төрт ұл, төрт қыз әкелген, балаларының бәріне жоғары білім беріп, ұлдарын – ұяға, қыздарын – қияға қондырып, көздерінің тірісінде 15 немере сүйген ерлі-зайыптылар 2011 жылы бірінің артынан бірі ілесіп, қайтпас сапарға кете барды. Аналары Гүлбаһрам 2011 жылдың 21 сәуірінде, осы жылдың 9 желтоқсанында Шөпшекбай ақсақал асыл жарын жеті ай жоқтап, ендігі жерде өмірдің мәні мен сәні болмасын сезгендей, ақтық демін алып, бақилыққа үн-түнсіз бет түзеді.

«Қатар жүрген күндерді сыйлайықшы, Біреу ерте, біреу кеш бір құлайды», – деп ақын жырлағандай, өмірден өткен ерлі-зайыптыларды замандастары мен туыстары, бауырлары, құда-құдағилары нағыз бақытты жандар деп есептейтін. «Асыл жарым – жайнаған жасыл бағым, Бағаласаң – бақытыңмын!», – деген ақиық ақын Мұхтар Шахановтың өлең жолдары Тілеужановтардың әке-шешелеріне арналғандай әсер етеді. Мына қысқа да келтек өмірде бір-бірінің бетіне шәй десіп көрмей, көгілдір көлде қатар жүзген қос аққудай саналы да бақытты ғұмыр кешті.

Аналары Гүлбаһрам ананың әйел затына тән жоғары мәдениеттілігі, әдебі, мейірімділігі мен кішіпейілділігі, «Өлімнен ұят күшті», «Үй менікі деме, үй артында кісі бар», әкелері Шөпшекбайдың «Шыққан тектеріңді ұмытпаңдар», «Қайда жүрсендер де, қай қиырды шарласандар да адамгершілік қасиеттеріңді ұмытпаңдар, сендердің жақсы қылықтарың біздің төбемізді көкке жеткізсе, жиіркенішті әдеттерің арқылы көрге ертерек тығыламыз» деген өнегелі де даналық сөздерін бүгінде өздері ақ шашты ана, қадірменді қария атанса да естерінен шығармайды.

Тілеужановтарды бүгінде достары мен туыстары, әріптестері, құда-жекжаттары сыйлы да білімді, мәдениетті, өсіп-өнген отбасылары ретінде танып біледі. Қанат Қазақ техникалық университетінде, Болат Алматы Үй құрылыс комбинатында, Семейгүл медицина, Айгүл құқық қорғау, Мейрамгүл «Қазпочта» да, Мейрамғали Астанадағы Локомотив вагон құрастыру заводының президенті болып, Тұрсынғүл мемлекеттік стандарттау саласында еңбек етті.

«Адамзат сапарының мейманымыз, Бір мезет жер бетіне кетер қонып» дегендей, бүгінде жеті баланың кейбіреулеріне де ата-аналарының жандарынан топырақ бұйырып, мәңгілік тыныстап жатыр. Мұны да табиғат заңы демеске амал жоқ.

«Ештеңе жоқ жаһанда айла-шарғысыз, Әр айланың шарасы бар нанғысыз. Не нәрсенің бір амалын табасыз, Тек қана, әттең, өлім ғана шарасыз», – деп ұлы оқымысты Жүсіп Баласағұн айтқандай, жаһанда сұм ажалдың шеңгеліне қарсы тұрар пенде бар ма екен, сірә! Қорқыт бабамыз да өлім атаулыдан қашып құтыла алмай, мәңгілік тұрағын Сыр бойынан тапқанын бәріміз білеміз. Дүниенің кілті болған Гүлбаһрам ана мен асқар таудай әке Шөпшекбайдың топырақтары торқа, жандары жәннатта болсын деп, Алладан рахым, нығмет тілейміз. Соңында қалған ұрпақтары өмірлерін жалғастырып, абыройлы ғұмыр кешулеріне тілектестік білдіруші – **БЕКМОЛДИНОВТАР отбасы.**



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес
Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ
Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА... «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Дана САДЫРҚАН
Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ51VPY00150334 куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ҰШҚЫР ТАЗЫ, ҚЫРАҒЫ ТӨБЕТ

3 қыркүйек – Қазақы тазы мен төбет күні. Бұл күн кеше елімізде алғаш рет ресми аталып өтті. Жеті қазынамыздың біріне жататын тазы мен төбетті сақтау, көбейту және халықаралық деңгейде таныту мәселесіне кейінгі жылдары ерекше көңіл бөлініп келеді.



Президентіміз 2023 жылы тазы өсірушілермен кездесуде «Құмай тазы – ерекше жануар, қазақтың жеті қазынасының бірі. Біз тазы мен төбетті халықаралық деңгейде кеңірек дәріптеуіміз керек», – деген болатын. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы тазыға ерекше күтім мен кәсіби көзқарас қажет екенін айтып, бұл бағытта арнайы заң қабылданғанын да атап өткен болатын.

Президенттің де үш асыл тұқымды тазысы бар бүгінде. Олардың бірі – Наурыз атты қызғылт-сары түсті тазы. Оны 2023 жылы тазы өсіруші Анна Захарова Мемлекет басшысына сыйға тартқан. Қалған тазыларының аты – Ронни және Нэнси. Иттер арнайы қоршалған аумақта күтіліп, сертифициатталған кинологтың көмегімен баптталады. Президент бос уақытында тазыларымен серуендегенді ұнатады.

Тағы бір мәлімет – Мемлекет басшысы 2023 жылы Франция президенті Эмманюэль Макронға екі қазақы тазы күшігін сыйға тартты. Кейін бұл тазылардың Жюль және Жанна деп аталғаны мәлім болды.

Қазақы тазының халықаралық деңгейде мойындалуы да осы жұмыстың маңызды нәтижелерінің бірі. Ресми мәлімет көздеріне сүйенсек, Қазақстан кинологтар одағының бірыңғай асыл тұқымды иттер кітабына төрт мыңға жуық тазы тіркелген.

Бұл күн – ұлттық ит тұқымдарына деген құрметті арттырып қана қоймай, атадан балаға жеткен дәстүрді жаңғыртуға мүмкіндік беретін маңызды дата.

ТАЗЫ – қазақ халқының дәстүрлі аңшылық мәдениетімен тығыз байланысты ежелгі ит тұқымы. Негізінен қоян, түлкі сияқты жүйрік аңдарды қуып ұстауға пайдаланылған. Өте жылдам. Денесі жеңіл, аяқтары ұзын, кеудесі кең. Осы ерекшеліктері оны ұзақ қуу кезінде жылдам әрі төзімді болуына мүмкіндік береді.

Көзі қырағы. Алыстағы қозғалысты жақсы байқайды. Аңды көрген кезде оның соңынан бірден қуып кетуі – табиғи аңшылық инстинктінің белгісі.

Аңды көбіне иіс арқылы емес, көзімен байқап, қозғалысына қарай қуалайды. Мұндай аңшылық тәсіл көзбен аң аулау деп сипатталады.

ТӨБЕТ – күзетші ит. Негізгі міндеті – малды, қораны және ауылды жыртықштардан қорғау. Әсіресе, қасқырдан қорғауда орны ерекше болған. Жақсы үйретілген төбет қасқырды алыстан сезіп, оған қарсы тұрып, малды қорғауға қабілетті. Өте сақ әрі батыл. Қауіп төнген жағдайда шегінбей, өз аумағын қорғауға бейім.

Дене бітімі мығым. Ірі, сүйегі мықты, бұлшықеті жақсы дамыған. Оның дене құрылысы қатал дала жағдайына, суыққа, желге өте бейімделген.

Тазы мен төбеттің қызметі әртүрлі болғанымен, екеуіне ортақ қасиет – адалдық пен адамға қызмет ету. Қазақ даласында бұл иттер адамның сенімді серігіне айналып, тұрмыс пен шаруашылықтың ажырамас бөлігі болды.

Нұржамал ӘЛІШ.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Сурет: автордікі.



ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ



Өтіп бара жатқан аптада да әлеуметтік желілерде оқушылардың сыртқы келбетіне қойылатын талаптар көбірек сөз болды. Жасанды кірпік жабыстырып, ұзын тырнақ өсіріп немесе шашын бояп келетін оқушыларға алдымен ескерту жасалды. Талапты елемеген жағдайда ата-анасы мектепке шақырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Ал одан нәтиже шықпаса, оқушының тәртібі арнайы комиссияда қаралуы мүмкін.

«МЕКТЕП – СӘН АЛАҢЫ ЕМЕС...»

Бұл талап шашын өсіріп, сырға тағып немесе мектеп формасын кимей келетін ұлдарға да қатысты. Осылайша жаңа оқу жылымен қатар қоғамда «мектеп оқушының бетіндегі бояуға, тырнағы мен шаш үлгісіне дейін араласуы керек пе?» деген тағы бір қызу пікірталас басталды. Бірі мұндай талапты дұрыс деп санайды. Өйткені, мектеп – сән көрсететін орын емес, білім мен тәртіптің ортасы.

Ал енді бірі оқушының сырт келбетіне қойылатын талап шектен тыс қатаңдап бара жатқанын айтады. Мұндай шектеуді ата-аналардың көбі қолдады. Айтуларынша, мектепті сән жарысына айналдыруға болмайды. Оқушының қымбат киім кигені, боянғаны немесе сәнді аксессуар таққаны емес, оның білімі мен тәрбиесі маңызды болуы тиіс.

Мектеп формасына қатысты ережелер де бар. Киім классикалық әрі ұстамды болуы керек. Ал мектеп формасын кимей келген оқушыны сабаққа кіргізбеуге бола ма? Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шынар Ақпарова бұл мәселеде баланың білім алу құқығы бәрінен жоғары екенін атап өтті. Оның сөзінше, оқушы мектеп формасынсыз келсе де оны оқу процесінен шеттетуге болмайды.

Мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау үшін ата-ана жауапты. Талапты бұзған жағдайда заңнамада әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Алдымен ескерту жасалып, бір жыл ішінде тәртіп бұзу қайталанған жағдайда айыппұл салынуы мүмкін. Вице-министрдің айтуынша, айыппұл мөлшері – 5 АЕК, яғни 21 625 теңге.

«Оқушы боянып келсе, ата-анасына айыппұл салынады» деген пікірге қатысты да вице-министр Шынар Ақпарова түсінік берді. Ол сабаққа боянып келуге болмайтыны туралы нақты тыйым жоқ, дегенмен әр мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысы бар екенін ескертті.

Яғни мектеп өз ішкі тәртібінде оқушылардың сабаққа макияжсыз келуін талап етуі мүмкін. Мұндай ереженің денсаулыққа қатысты да өзіндік себебі бар. Жасөспірім шақта тері сезімтал болып келетіндіктен, косметиканы жиі қолдану оның жағдайына әсер етуі мүмкін деген пікір де айтылады.

Жаңа талаптарға оқушылар мен әлеуметтік желі қолданушыларының бәрі бірдей келіскен жоқ. Threads желісінде пікір білдірген оқырмандардың бірі мұндай тыйымға қарсы екенін ашық жазған. Оның пікірінше, егер оқушы қыздардың макияжына шектеу қойылса, ұстаздардың сырт келбетіне қатысты талап та сондай болуы тиіс.

«Апайлардың өзі солай боянып жүрсе, оқушы қыздар неге боянбайды? Алдымен бояу мен тырнаққа қатысты талапты мұғалімдер өздерінен бастасын», – дейді әлеуметтік желі қолданушысы. Тағы бір оқырман макияж мәселесіне мүлде басқа қырынан қарайды. Оның айтуынша, кейбір жасөспірімдер беттегі бояу арқылы өзін сенімді сезінеді.

«Өтпелі кезеңде көптеген баланың бетінде безеу мен түрлі бөртпе пайда болады. Ал сырт келбетіне байланысты буллингке ұшыраудан қорқатын жасөспірімдер оны косметика арқылы жасыруға тырысады. Сондықтан әр боянып келген қызды бірден «сән қуып жүр» деп қабылдау да дұрыс емес шығар», – дейді.

Аталған мәселеге мұғалімдердің де өз көзқарасы бар. Құралай есімді мұғалім бұл мәселеге сырттай емес, мектеп өмірінің ішінен қарап отырғанын жеткізген. Оның пікірінше, табиғи келбетін қор санамайтын қыз – нағыз өзіне сенімді адам. Мұғалімді алаңдататыны – 16-17 жасында-ақ «бояусыз әдемі емеспін», «міндетті түрде тон, кірпік пен контур керек» деген түсініктің қалыптасуы.

«Боянуға қарсымын деп айта алмаймын. Бірақ қыз бала бояуды өзінің сұлулығын толықтыру үшін қолдансын, ал өзін әдемі сезіну үшін міндетті құралға айналдырмасын», – деген мазмұнда пікір білдірген ұстаз.

Бұл дауда екі тараптың да уәжі барын аңғарамыз. Әйткенмен, мектепте ортақ тәртіп болуы керек. Оқушы сабаққа білім алуға келетінін ұмытпауы тиіс. Бірақ тәртіп тек тыйыммен қалыптаспайды. Балаға «боянуға болмайды» деп айту оңай болғанымен, оның себебін түсіндіру әлдеқайда маңыздырақ.

Дана САДЫРҚАН,

Карикатура: Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.